

**Ескермес ЖАҚСЫМБЕТҰЛЫ
Болат ҚҰРМАНХАЖЫҰЛЫ**

**ЖАРҚЫРАЙ БЕРМЕК
ЖАСАН ӘЛЕМІ**

*АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
2011 ЖЫЛ*

СӨЗ БАСЫ

Күн батуын, таң атуын
тоқтатпайтыны рас болса,
адамзаттың медицинаға де-
ген қажеттілігі де артпаса,
кемімейді. Шындығы сол. Шын
байлығың – шыбын жаның.
Осыдан-ақ дәрігерліктің ат
көтере алмас абыройы мен
дәрігердің жауапкершілігін
қапысыз сезінесіз. Сарап-
тайсыз. Асылы мен жасығың,
алтыны мен темірін ажырата-
сыз. Алайда, жауапкершілік
біреуде болғанымен, жан
өзіңізге керек.

Бұл кітаптің ерекшелігі де
сол. Медицина саласын-
да, әсіресе, Қазақстанның
денсаулық сақтау сала-
сында тыңнан түрен са-
лып, өзінің дара қасиетімен
сара жол тапқан Шығыс
медицинасының білікті ма-
маны Жасан Зекейұлының
дәрігерлік жолы сөз бола-

ды. Сөз болғанда, сырттай сын берілмейді, көзсіз мақталмайды. Көзімен көріп, басынан өткізіп, көңіліне тоқыған қаламгерлер ойларын ортаға салады.

Шығыс медицинасының Қазақстандағы негізін қалап, жалпақ жұрттың игілігіне жарату – оң жамбасқа келе қоятындай оңай шаруа емес. Осы уақыт аралығында Жасан Зекейұлы тақырға тал отырғызып, оны орманға айналдырған орманшының күйін кешті. Ұйқысын азайтып, күлкісін тиды. Күні бойы адамдарды емдесе, түнімен ғылыми жұмыс жазды. Жалғыз өзі бір академияның жүгін арқалаған азамат, қиын-қыстау жылдарды артқа тастап академик тағынан бір-ақ шықты. Докторлық диссертациясын Мәскеуден

қорғап, халықаралық Вена университетінің «құрметті профессоры» атағын иеленді. Бірақ, атағына семіріп, абыройын бұлдамады. Күніне 50-ге тарта науқастармен жүзбежүз кездесіп, көңілін тауып, емін жасайды.

Белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Қаратаудан ескен жел», «Бала ғашық», «Жаса, жарық дүние!» жыр жинақтарының, «Теріскейге түскен жол», «Бұлар Созақтан еді», «Қыран қаза» атты повестер мен әңгімелер жинақтарының авторы Ескермес Жақсымбетұлы «Алтын ине» поэмасында шығыс медицинасының шыңырауына бойлайды. Бұл поэмада ақын туған жері Оңтүстік өңірдің уран өндіретін аймаққа айналып,

уланған ауа мен су ақынды
дертке шалдықтырып,
ақыры, алтын ине ұстаған
дәрігердің ажалдан аман
алып қалуын суреттейді.

Ол дәрігер – Медицина
ғылымдарының докторы, про-
фессор, Халықаралық инемен
емдеу және Халықаралық
шығармашылық
академиясының академигі,
Вена Халықаралық
Университетінің «Құрметті
профессоры», Қазақстан
Республикасы Денсаулық
Сақтау ісінің үздігі,
Халықаралық «Сократ»
атындағы орденнің иегері,
«Жас-Ай» медициналық
орталығының Бас директоры
Жасан Зекейұлы еді. Поэма-
да қаламгер кейіпкерінің
өмір жолын көркем тілмен
суреттей отырып, Шығыс
медицина саласында жас

Қазақстан медицинасын дүниежүзілік дәрежеге көтеру мақсатындағы күресін баян етеді. Поэма аяқталған жоқ. Алда, күллі ғалам көзін тігіп отырған, алтын ине сырын аша түсетін соны жаңалықтар тұр. Алла жар болса, оны ақынның келесі кітабынан білетін боламыз.

Публицист-жазушы Болат Құрманғажыұлының «Жарқырай бермек Жасан әлемі» эссесі Жасан Зекейұлының өмір жолына тереңірек тоқталады. Адамның адами қасиеттерін басқан топырағынан, жұтқан суынан бастап, жүрген жолымен, алған тәрбиесімен тікелей байланыстырған жазушы кейіпкеріміздің образын жан-жақты ашуға тырысқан.

Жас қаламгер Қазірет Бердіханның «Дәуірдің дәруі»

атты эссесі де сом тұлғаның
соны құбылыстарын аша
түскен.

Шындығында, ғылымның
ауыр жолында жүріп,
ұлтының ұлы мұратын
ұмытпаған тұлғаның тұтастай
өмірін бір кітаптың көлемінде
сифызу мүмкін емес. Жасан
Зекейұлы туралы қанша айтса
да толымсыз, қанша жазсақ
та мардымсыз болмақ.


Өйткені ол, күніне елуден
астам адамның өміріне
үміт сыйлап жүрген дәрігер.
Халықтың шын жанашыры,
нағыз қамқоршысы.

Бұл кітап жалпы оқырман
қауымға арналған. Ойы
айшықты, тілі көркем, жеңіл
оқылады.

Ескермес ЖАҚСЫМБЕТҰЛЫ

АЛТЫН ИНЕ

(ДЕРЕКТІ ПОЭМА)





Сырқат жанның сырына үңілгелі,
Қанша уақыт көздері ілінбеді.
Денсаулықтың табжылмас күзетінде,
Ақ халатты адамдар бүгіндегі.

Арайланып ақ таңың атыпты аман,
Сөз берерін білгенмін уақыт маған.
Жанға шипа, дертке ем сыйлайтұғын,
Шын дәрігер – шынайы бақытты адам!



ТОЛЫ ТОЛАҒАЙЫ

Көгілдір көк, астасқан аспан – әлем,
Тыныстайсың болмаса басқа немен?
Биіктіктер телміріп шексіздікке,
Таулар, таулар қарайды тас төбеден.

Гималай, Алтайы мен Памирі бар,
Жалғасқан бір-біріне тамыры бар.
Жазықтар, жаңбыр болып төгілетін,
Алтайдың ақша бұлтын жамылып ал!

Шың басы қарт Алтайдың мұнартады,
Көрген жан көзін алмай құмартады.
Сан өзен сайларынан сарқыраған,
Тастарын жарып шыққан шынар сәні.

Алтайдың Тарбағатай бір сілемі,
Қарлы шың Боғда басы сілкінеді.
Төсінен жамыраған сан бұлақтың,
Қосылып сыңғырлаған күлкілері.

Басынан ақша бұлттар тарқамады,
Сәлем деп Көкше, Ақтау, Қарқаралы.
Етегін көзді тартып көмкереді,
Қарағай, қайың, шырша, аршалары.



Қойнында көк өзендер күркіреген,
Жаңбыры дамыл таппай сіркіреген.
Көктемде жеткізбейді тауға өрмелеп,
Қырмызы қызғалдағы дүркіреген.

Тарбағатай биік боп көрінеді,
Қыз бұрымы секілді өріледі.
Осында екі елдің шекарасы,
Қытай мен қазақ болып бөлінеді.

Жердің де жері болар, адамы да,
Елі жоқ сұрқы кетер даланың да.
Тарбағатай тауларын паналаған,
Босқан ел шапқыншылық заманында.

Мақсатқа жетер түбі жетем деген,
Адамның парызы көп өтелмеген.
Тұрсынбек Тарбағатай өңірінде,
Толының Өшетісін мекендеген.

Орнаған сағыныш боп жүрегінде,
Еш пенде тең келмеген бұл өңірде.
Мың тоғыз жүз қырық үштің көктемінде,
Келді бір Зекей атты ұл өмірге.

Ешкімге бала жастан тең емес-ті,
Жалған сөз сөйлегенмен ерегесті.
«Батырлар жырын» көпке оқып беріп,
Жасынан Зекей бала зерек өсті.



Молдабай, Ордабаймен ересек-тін,
Озады ортаменен теңесек кім?
Тұрсынбек Нұрбәтішпен алаңдайтын,
Қарайлап ұлдарына келешектің.

Өткені уақыттың білінді ме,
Жол ашық әрқашанда білімдіге.
Қызмет істеп, бітірді техникум,
Шыңжаңның орталығы Үрімжіде.

Менгерді Қытай тілін өзі оқып,
Онсыз күн жоқтығына көзі жетіп.
Қытайға аудармашы болды жүйрік,
Ауданға, облысқа сөзі өтіп.

Ісіне Зекейдің жұрт тамсанатын,
Жұмыстан кейде оралып шаршағасын...
Сүлеймен аудармашы досы екеуі,
Қосылып мандолинмен ән салатын.

Адамның өнер деген мәңгі бағы,
Өнерпаз ұл-қыз аулын таң қылады.
Серік гитар, Жасаны окордеонда,
Сержан мен Ержан тартып домбыраны.

Сайрасы көркем сурет салатұғын,
Алаулап жүзі бал-бұл жанатұғын.
Қызықтан ұл-қызының ортасында,
Жайланып жаны рахат табатұғын.



Тіршілік бөлек еді бүгіндегі,
Алдынан болашағы күлімдеді.
Жарқын шақ,
қызығы мол жастық дәурен,
Жылдардың өткені де білінбеді.

Ештеңе жоқ Шарипа көңілінде,
Болды оқиға көрмеген өмірінде.
Жирмасыншы ғасырдың сиыр жылы,
Толының Еренқабырға өңірінде.

Бұлдырап Тарбағатай тұрды алыстан,
Буылдыр тартып сағым нұрлы ағыстан.
Кенеттен опат болды келе жатып,
Астана Бейжіңдегі жиналыстан.

Машина ішінде олар ояу болған,
Көз жұмды осылайша аяулы арман.
Күйтүн – Толы мемлекеттік жолында,
Кезінде Үрімжіге таяу қалған.

Жасынан Зекей жігіт асқақ еді,
Атқарып талай істі тастап еді.
Есіл ер дүниеден ерте кетті,
Бар-жоғы қырық екі жаста еді.

Азамат қайғысына кім шыдады,
Жасанның жан жүрегі шымшылады.
Алтай мен Тарбағатай, Боғда жылап,
Естіліп тұрғандай-ақ сыңсығаны.



Өзгеріп өмір солай сала берді,
Енді бекем буынды бала белді.
Төрт ұл,

бір қыз артында жетім қалып,
Шарипа ана аңырап қала берді.

Мұң жайлап ана менен бала жанын,
Жаза алмай көңілдегі жараларын.
«Даңқты құрбандардың отбасы» боп,
Мемлекет қамдауға алды балаларын.

Қызығын ұлдарының шеше көрді,
Өзгерді, танымайсың кешегі елді.
Күн кешіп, қоңыр тірлік көңірсітіп,
Осылай жетім бала өсе берді.

Ұмытып еркелейтін балалығын,
Есейтіп бірте-бірте барады күн.
Жатса-тұрса қолынан тастамады,
«Асан қайғы», «Абайдың даналығын».

Жас қалып,
қайғы дәмін татқаны анық,
Ол күндер бірте-бірте артта қалып.
Жас Жасан оқып жүрді көпшілікке
Мағжанның өлеңдерін жаттап алып.

Ағайын жақсы көрді ақылды ұлын,
Білген соң өлең-жырға жақындығын.



Бек тәуіп болған екен жайдары жан,
Ғажайып істер туған ойларынан.
Дәм, Өшеті, Орқашар, Жайыр барып,
Қайтатын «Қоржын түбек» аймағынан.

Көңілге түйіп жақсы ойды бекем,
Кім қалай баға беріп қойды екен.
– Орнынды кім басады, – дегендерге,
– Қонады шөбереме, – дейді екен.

Насыбайынан қалдырып бір атымын,
Елгезек жан алмайтын сірә, тыным.
Қысылып кейбір кезде тарыққанда,
Рухымен дем беріп тұратұғын.

Құрметтеп қатарынан асқан ұлды,
Қол ұшын беретін де дос табылды.
Бітіріп үздік қызыл дипломмен,
Шақырды Астанаға жас ғалымды.

Келешек жақсы күндер күліп алдан,
Толғаған ақындардың жыры болған.
Күйтүн қала Қытайда ең сәулетті,
«Жүз шолпан қаланың» бірі болған.

Жасанның келбетіне нұр ойнады,
Туындап қиялдағы ұлы ойлары.
Күйтүнге қарасты еді алыс жатқан,
Алтай мен Тарбағатай, Іле аймағы.



Бұл қала қазақтардың бас қаласы,
Гүлденген мәңгілікке жас қаласы.
Қытайда орналасқан Іле қазақ,
Автономиясының астанасы.

Жаңбырдай жауды жұрттың ақ батасы,
Білгенге осы болар бақ бағасы,
Үйленіп Гүлия атты бір сұлуға,
Бақытын аңсап күткен тапты оташы.

Алдынан атар тандар күле берді,
Жағдайын сұрастырып біле келді.
Атанып «Бек тәуіптің» шөбересі,
Жанданып жұмыстары жүре берді.

Күдер үзіп, таусылып біткенде үміт,
Сенімнің таңы атқандай күткен күліп.
Ажалдан алып қалды әйел басын,
Жиырма үш ине сабақ жіппен тігіп.

Бұл өзі ен жайлауда болған еді,
Ат теуіп, әйел дымсыз қалған еді.
Инемен қара жіпті қолға ап Жасан,
-Е, аруақ, желеп – жебеп, қолда! – деді.

Төкпеші Алла зілді қаһарыңды,
Жүректі жылататын аса мұңды.
Қытайлық Жаң деген азаматқа,
Он жеті сағат ота жасалынды.



Ажалдың айтып келмес дерт дегені,
Емшіге жеткені бар, жетпегені.
Қолына ота пышақ ұстай жүріп,
Болады алтын ине зерттегені.

Кешікпей алтын ине қолға алады,
Жасанның қайта үміті жалғанады.
Айықпас ауру жайлап алған денең,
Инемен арпалысып қозғалады.

Біліп ап, ғұламаның тыңдап бәрін,
Сезінді бір әлемнің тіл қатқанын.
Біртіндеп Жасан ашты сырқат емдеп,
Құпия Шығыс – Тибет жұмбақтарын.



АТАЖҰРТТА

Құлатып Ленин тіккен «ұлы» туды,
Бостандық қалған еді ұмытулы.
Ғасырлар бодандықтың бұғауында,
Қазақтың армандаған күні туды.

Бұл бүгін мал мен жанның құтайғаны,
Хабардар болсын елдің тыс аймағы.
«Қазақстан егемендік алды» деген,
Қазаққа хабар жетті Қытайдағы.

Оқиға болған еді бірінші рет,
Тұрғандай бүгін дүние күлімсіреп.
Жүрегі жарылардай қазақтардың,
Қуанып, ат шаптырып сүйіншілеп.

Қырандай түлеп ұшқан қиядағы,
Қуанта бер, кеудеге сияды әлі.
Отанға деген ыстық махаббаттан,
Ұлы арман жүрегіне ұялады.

Таусылмас білім-бұлақ сірә, мына,
Ісімен ұстаздарға ұнады да.
Қытайда ине сырын білгіш дейтін,
Алынды «жүз емшінің» құрамына.



– Өтетін кедейлікпен өмір осы,
Бай боламыз, табылып көңіл қошы.
Жетеді тәжірибеміз, біліміміз,
Жүр, Жасан Америкаға, – деді досы.

– Жоқ, - деді бірден Жасан ойланбастан,
Істерін таразылап қойған бастан.
Сарғайтып сағынышын жасыл мекен,
Кеудеде асыл арман болған жастан.

– Ғасырлар көндік тағдыр азабына,
Айналып бөтен жұрттың мазағына.
Тәуелсіз мемлекет тәй – тәй басқан,
Мен керекпін дәл қазір қазағыма.

– Бұл елде жаныма азық алғаным көп,
Жолымда әзір қапы қалғаным жоқ.
Қанаты қатаймаған жас қоғамның,
Қалансам кірпіші боп арманым жоқ.

– Тыңда дос, - деді Жасан, - қара маған,
Мұнымыз екеуміздің жарамаған.
Күтіп жүр біздің шипа алақанды,
Қаракөз қарындасың, қара балаң.

– Бүгінде бақ сынасып таласар кім,
Жат елде мың мәртебе аласардым.
Алғысын алғаныңа не жетеді,
Әзіз ана, қарындас, қара шалдың.



Бойдағы тылсымдықтың бәрі күшті,
Бір тәтті сезім кешті сағынышты.
Өн бойын баурап алған бір құштарлық,
Атажұртқа Жасанды алып ұшты.

Қырау шалып мойылдай қара шашы,
Басталғандай өмірдің жаңашасы.
Дер кезінде Жасан да келді елге,
Кәрін төккен ажалға арашасы.

Қол жетпес арман деген биік еді,
Көңілге көп ойларды түйіп еді.
Егемендік енді алған еркін елде,
Іске асыру ойларын қиын еді.

Зырылдап күн артынан жарысты күн,
Бөленіп армандарға алыс бұрын.
Атажұртта үстемдік жасап тұрған,
Оқуы керек болды орыс тілін.

Жеткіліксіз білімді сезді бүгін,
Күн санап жетістікпен озды ғылым.
Басынан бастап Жасан жалықпастан,
Үздіксіз жетілдірді өз білімін.

Арман, арман шарықтап көңілде асқақ,
Жаңалық тапса осы өңірде ашпақ.
Тыныстап тәуелсіз ел ауасымен,
Қайтадан студенттік өмір бастап.



Жүректе құштарлықтың оты басым,
Қытайлар өзгелерден жасыратын.
Қайта оқып он екі том «Он Цзин» мен,
«Қола адам нүктесінің» атласын.

Ғылымға дүниеде тең кеп пе еді,
Біліммен қиындықты жеңбек те еді.
18 томдық «Хаңды Нцз узин» мен,
Атақты Ибн-Сина еңбектері.

Кеткен жоқ бекер зая еткен еңбек,
Инемен сабақтастық дөп кеп дендеп.
Даңқты Өтейбойдақ Тілеуқабыл,
«Шипагерлік баянда» шөппен емдеп.

Жатақхана алыста - Қалқаманда,
Студенттің жайы анық барша жанға.
Жатқа айтып «Мен қазақпын» поэмасын,
Демейтін өзін өзі шаршағанда.

Жатақхана тар бөлме, жылы ұясы,
Бауырындағы қызы мен ұлы ұясы.
Алдыннан күліп сонда қарсы алатын,
Шаршап келген Жасанды Гүлиясы.

Қалайда жету керек арманына,
Сол жолға күш-жігерін арнады да.
Бөгенбай, Қарасай мен Райымбек,
Бабалардың сиынып әруағына.



Алласын ауызынан тастамайды,
Сиынбай жұмысын да бастамайды.
Есіл-дерті оқу мен білім алу,
Ұмытып маңайдағы басқа жайды.

Шет елден келген аңсап жас қазақты,
Ағайын аялапты, жасқамапты.
Бауырына жақсы жандар тарта білді,
Аман аға, Есентай, Аппаз атты.

Аударды парақтарын зырлатып күн,
Көзінен ұшқын атып бір бақыттың.
Көп кешікпей қорғады кандидаттық,
Шәкірті академик Нұрмақовтың.

Бұл екі мың екінші жыл болатын,
Жасанның әр ісінен үлгі алатын.
Доктор-ғалым атанды көп ұзамай,
Мадақтап ерен ісін жырлады ақын.

Емші қолы инеден жаңылмады,
Қанша уақ талай биік алынғалы.
Инемен емдеу академиясы,
Жасанды мүше етіп қабылдады.

Жеткізген жетістікке сенім еді,
Кеудеден тәтті қиял өріледі.
IV халықаралық конгрессте,
«Үздік емші» атағы беріледі.



Нұр беріп солғын тартқан гүл көрікті,
Жазылып сырқат жүзге күлкі еніпті.
«Жасан інім қырықта» деп Тұманбай,
Селдетіп ағыл-тегіл жыр төгіпті.

Жырға қосып Марфуға, Гүлнәр ақын,
Еңбегі жанған сайын нұрланатын.
Әлем солай таңдана тани берді,
Қазақтың ине ұстаған бір баласын.

Күні-түн еңбектеніп алмай тыным,
Біледі жұрт жігіттің талмайтынын.
Сан сырына үңіліп сырқаттардың,
Бос уақыты Жасанның болмайтұғын.

Жұмсады күш-жігерін сарқа бүгін,
Елі үшін ауырлатып арқа жүгін.
Кешікпей Жасан ашты «Жас - Ай» атты,
Шығыс – Тибет медицина орталығын.

Ойласын емнен басқа өзге нені,
Қырық мың науқас жазған аз дегені.
Қаншама адамдарды тегін емдеп,
Бұдан да кеңейтуді көздеп еді.

Қиындықтар кездесті, жеңілмепті,
Ерінбепті, сол оны сенімді етті.
Еліне қызмет ету – басты парыз,
Мақсатқа жету үшін терін төкті.



Қыдырға іздеген жан кез болады,
Қолдан – қолға тимейтін жазбалары.
Алғашқы «Алтын ине» орталығы,
Ғаламтормен шет елге тез тарады.

Кеудені тәтті қиял алған бөлеп,
Сөйледі тек шындықты, жалғанға жоқ.
Ағылды шипа іздеп Алматыға,
Жасанға жете алмаған арманда боп.

Күллі әлем кеудесіне сияды бар,
Арманмен асқақтаған қиялы бар.
Қаламгер, ғалым, қоғам қайраткері –
Жасанның емін алды зиялылар.

Ағылды шипа іздеп қара халық,
Еңбегі әр жүректе қалады анық.
«Ажалға арашашы емші» деген,
Атағы елге кетті дараланып.

Сырқаттан қалған кезде әлің құрып,
Тамыр ұстап, тіл көріп, бәрін біліп.
Жеті жүз нүкте сырын тап басады,
Он екі мүшең тұрған бағындырып.

Халқы үшін күш жігерін арнады бар,
Жететін алда талай арманы бар.
Түрлі ауру, түрлі емнің сырын жазар,
«Жас-Ай» атты қазақша журналы бар.



Ер Жасан өз бақытын тапқан адам,
Кісінің ала жібін аттамаған.
Табиғат талмайтұғын талап беріп,
Алла – жар, Қыдыр дарып, бақ қараған.

Құтайтып әр ісіне өріс берер,
Өріс берсе, молайып жеңіс келер.
Ғайып – ерен, қырық шілтен желеп-жебеп,
Пәледен қорғап жүрсін періштелер.

Тағдырдың кез боларсың қандайына,
Тигесін ащы дәмі таңдайыңа.
Қасқиып қара дертке қарсы шығар,
Жасанды берген қазақ маңдайына.



ВЕНА САПАРЫ

Шырақтай жанып алдан сөнген үміт,
Аурудың батпан болып енгені ұмыт.
Халқының сеніміне ие болды,
Алтайдың ар жағынан келген жігіт.

Өткізді жағасында неше түнін,
Өзені таудан аққан Өшетінің.
Қимастай мұңая ағып жатты сол күн,
Білгендей Жасанының көшетінін.

Басылмай дүниенің бір құмары,
Өтеді күндер талай сырғып әлі.
Тай-құлындай тебісіп бірге өскен,
Аман ба екен сол құрдас-құрбылары.

Керуендеп жылжиды алға өмір көші,
Балалық, жастық өтті өңірде осы.
Студенттік шақтар-ай Шыңжандағы,
Күйтүннің қыдыратын қоңыр кеші.

Кедергі болар екен ісіне не?
Жасан сырын өзгелер түсіне ме?
Балалық шағы қалған туған жері,
Жиі-жиі кіреді түсіне де.



Ғашық боп сол қалада табысты үміт,
Кей кезде сағынады алыс жүріп.
Жайнаған жастық шағы қалған қала,
Күйтүнді Алматыға ауыстырып.

Бәрі дұрыс, тұрмыс шат Алматыда,
Жететін туған жерге бар ма, сірә!
Жетісу – жер жәннаты, атамекен,
Жеті өзен сыймай аққан арнасына.

Жасан да болып алды тым бұйығы,
Бар ма екен ғылымның бір биігі.
Еліктіріп әкетіп бара жатыр,
Иненің таңғажайып тұңғиығы.

Ізденді оқу оқып, ерінбеді,
Жасан да өзіне өзі сенімді еді.
Екі мың сегізінші жылы халықаралық,
«Алтын жүрек» сыйлығы беріледі.

Аңыз боп жұрт аузында аты жүрді,
Енді бүгін Венаға шақырылды.
Еуропа шығыс емін танып білді,
Жаратқан талапты етіп асыл ұлды.

Бір сәтте асау көңіл тасып тұнық,
Армандар алыстарға асықтырып.
Еске алды туған жерін, ата жұртын,
Австрияның топырағын басып тұрып.



Ойлайды Жасан қазір өзге нені,
Болатын үлкен мінбе көздегені.
Ең алғаш дүйім жұрттың шықты алдына,
Өзіне келген кезде сөз кезегі.

– Инені мойындамау – бүгінгі айып,
Қалайша зерттеп терең ұғынбайық...
Сөйледі сонда Жасан қазақшалап,
Ғажайып алтын ине сырын жайып.

Болған жоқ баяндама ағымдағы,
Жасан да айтар сөзден жаңылмады.
Есітіп Шығыс – Тибет емін алғаш,
Таң қалды барлық елдің ғалымдары.

Паллавичини сарайы, даңқың қалар,
Ұлтжанды қып өсірген халқың болар.
Жасанды Еуропа құрметтеді,
«Құрметті профессор», «Алтын медаль».

Қол соғып, жиылған жұрт қызып алған,
Жасанның нарттай болып жүзі жанған.
Гуледі сарай ұзақ қазақшалап,
Моцарт пен Бетховеннің ізі қалған.

Құрметтеп күткен талай ұлыларды,
Қазақты құшағына бүгін алды.
Паллавичини сарайы ұзақ уақыт,
Қошеметтеп, қол соғып тұрып алды.



Қызған сарай шапалақ ұра берді,
Аттай тулап жүрегі тұра берді.
Басы айналып бақыттан тұрғандай-ақ,
Көкке жетпей төбесі бір-ақ елі.

Мұндай шақтар келер ме, қайта айналып,
Жүрегі жарылардай, байқалды анық.
«Мен қазақпын, қазақпын» – дегісі кеп,
Бар дауыспен әлемге айқай салып.

Жүрегі бар қазақтың елжіреді,
Шексіз – шетсіз мөлдір көк телміреді.
Атақты Австрия аспанында,
Қазақтың көк байрағы желбіреді.



ҚҰШАҒЫҢДЫ АШ, КҮНШЫҒЫС!

Азамат болсаң елмен бір тыныста,
Мұраттар-ізденіс пен құлшыныста.
Алтын ине салатын Жасан атын,
Танып білген Жапондар күншығыста.

Жапондар білген мұны бұрыннан- ақ,
Қытай бірақ үйретпей қырын қарап.
Барған ауру алдына жазылатын,
Жасан да жайып салмақ сырын ғажап.

Жалының ұшқын-отсыз жана ала ма?
Қыранға қанат берген дала дана.
Токио. Әуежайдан келіп түсті,
Қазақы домаланған қара бала.

Абатқа қала қашан бөленгелі,
Таппаған теңеу ақын өлеңдері.
Аспалы көпір, ғажап ғимараттар,
Теңдессіз сұлулықтар әлемдегі.

Тірліктің көрген ауыр, жеңілін де,
Ел болу деген халық сенімінде.
Токио – Хансю атты аралының,
Оңтүстік – шығыстағы бөлігінде.



Жапондар көшіп жүрген арқаланып,
Токио бұзылыпты сан қаланып.
Көгілдір тынық мұхит көмкеретін,
Әлемге әйгіленген Канто жазық.

Теңізден жел еседі ақырын – жәй,
Жағаны толқын сүйіп ғашығындай.
Төрт ірі, төрт мың ұсақ аралы бар,
Ұзындығы отыз мың шақырымдай.

Жайқалып жайнап тұрған жасыл бағы,
Жұпар иіс – ақ гүлдің ашылғаны.
Қарасаң тік шаншылған үйлеріне,
Тақияң жерге түсер басыңдағы.

Осылай зырлап уақыт бара жатты,
Өшіріп шамын қайта қала жақты.
Емдеу орталығының президенті,
Нишизава қаланы аралатты.

Жапондар техникамен тыныстады,
Бұрысынан көп қазір дұрыс жағы.
Атқарылған электр жүйесімен,
Ота столдар, медбике жұмыстары.

Білімнің бағалаған қасиетін,
Көп тыңдап өркениет өсиетін.
Дүниеде ең көп көрген ел болатын,
Атомдық жарылыстар қасіретін.



Таба алмай ғасырлардан ғасырға емін,
Адамнан осы ауру жасырды өңін.
Рақтың сұрайды әлем құпиясын,
Инемен емдеу сырын, тәсілдерін.

Береді іске әркім өз бағасын,
Арнайы мәселе етіп қозғағасын.
Сұрады Жасан барлық жапондардан,
Тибеттік емге деген көзқарасын.

Арманы алтын ине жайындағы,
Жасанның орындалды ойындағы.
Тамыр ұстап, көз көріп, тіл қарауды,
Жапондық дәрігерлер мойындады.

Көбіне сыр айтпайды біліп тұрып,
Өздерін озықтарға іліктіріп.
Техникаға сүйеніп алған әбден,
Шектелген дәрігерлік біліктілік.

Ғылымның бір жүйеде әр тамыры,
Сонымен жапондардың бар қадірі.
Тарихы үш жүз елу жылдай екен,
«Cameda» деген емдеу орталығы.

Ауылдың сол баяғы қаз – қалпы әлі,
Қиялды көз қыздырып қозғалтады.
Қалада зеңгір көкке тік шаншылған,
Отыз қабат емхана көз тартады.



Тосыннан көрген адам таң қалады,
Бүгінгі талапқа сай сан салалы.
Екі қабат бөлігі жер астында,
Көргенде он үш қабат емхананы.

Тілдесіп, пікірлесті әр қосында,
Бар елге ортақ ғылым арқасында.
Бірлесіп салған Жапон-Америка,
Аурухана теңіздің ортасында.

Халық екен игі істен аянбайтын,
Тірлік көп таңданатын, аялдайтын.
Бар екен су үстінде үлкен көрме,
Халықтың салт-дәстүрін баяндайтын.

Алдымен денсаулықты таныған ел,
Танығанның ұялмай соңынан ер.
Алдыңғы қатардағы таңғажайып,
Дүние жүзіндегі дамыған ел.

Жоғары төрткүл дүние танымдары,
Жұмбақ әлем – көңілдің жарым жаны.
Тыңдады ойын айтқан қазақшалап,
Бес ірі елдің келген ғалымдары.

Дәлелді айтар сөздің заңды бәрі,
Емшілік құдіреті таң қылады.
Ежелгі Жапон елі аспанында,
Қазақ тілі, қазақы үн жаңғырады.



XXI ҒАСЫР ТЫНЫСЫ. УРАН. АҚЫН ТАҒДЫРЫ.

Уран болып келді алдан жаңа ғасыр,
Санаңда суық ойлар салады асыр.
Ішкен суың уранмен ластанып,
Дүние сығымдалып бара жатыр.

Далиып түк білместен дала жатыр,
Болмағаның болады қара да тұр.
Жайлаған улы дерттен хабары жоқ,
Бесікте бұлқынады бала батыр.

Бұл өзі елге артқан бір сын еді,
Даланың сұлық түсі – тылсым өңі.
Кешегі думан шағын көре алмай,
Қаратау күңірене күрсінеді.

Түсінер қадіріне жете білген,
– Құдайым сақтай гөр,- деп қатерінен.
Мұңаяды Мойынкүм, Бетпақ дала,
Басталған Қаратаудың етегінен.

Кешегі төрт түлігі жамыраған,
Ақ шаңдақ бүгін дала аңыраған.
Жабылып у жайлаған құдықтары,
Иесіз дала қалды қаңыраған.



Елендеп жол қараған биіктері,
Мұңаяды ішіне түйіп нені?
Шаңдатып жарты аспанды суға құлар,
Оралмай Қарақактың киіктері.

Сусындап Шу өзені – мол арнадан,
Ылажсыз жұрт күн кешіп амалдаған.
У татып бүлінген соң мөлдір суы,
Үшқан құс, жүгірген аң оралмаған.

Осылай жер қуарып бара жатты,
Дүние-ай, алағаудан – алағатты.
Созақтан көшті халық бас сауғалап,
Ағыла бетке алып қала жақты.

Сергелдең елді осылай қинаған бар,
Қозғалды өз жеріне симағандар.
Ілеспей көшкендерге қала берді.
Туған-жер, өскен елін қимағандар.

Шығарып сап ағайын-жақындарды,
Жаныңда лапылдап бір жасын жанды.
Арқалап бар азабын қайсарлықпен,
Тапжылмай туған жерде Ақын қалды.

Жетсем деп талпынады арманына,
Бірақ та көз жетпейді алдағыға.
Жатса-тұрса сиынып, дұға қылды,
Шашты Әзіз, Қарабура әруағына.



Шалқыта өлеңдетіп нұрлы таңын,
Сындыртпай туған жердің бір бұтағын.
Жырлаған махаббатты мол жылдарды,
Шығарды ақын толғап жыр кітабын.

Бойына сіңірген бар ұлағатын,
Қимайды ата – баба, ұлы анасын.
Кенеттен қан қысымы артып кетіп,
Қалжырап абайсызда құлады Ақын.

Кеудесін сығымдады бір ән жарып,
Дәрігер тіл қата алмай күмәнданып.
Тіл күрмеліп, көз көрмей, бас ауырып,
Жарық дүние кетіпті тұманданып.

Көңілде қалды ызыңы жыр жолының,
Аурудың айта берсе түрлері мың.
Тұруға төсегінен шама келмей,
Жаны жоқ бір аяқ пен бір қолының.

Тулап бір асылданбай-алтынданбай,
Самарқау тартқан мына салқын қанды-ай.
Кешегі дүбірлеткен думан дүние,
Арнасы бір-ақ сәтте тартылғандай.

Көзіңе көк шыбыны үймелеген,
Болады дәрігер де білмеген ем!
Естіді профессор Зекейұлын,
Емдейтін ауруды алтын инеменен.



– Е, Тәңір, емнен маған тарылмашы, –
Деп ақынның ауды емге бар ынтасы.
Жүруге жарағанда Алматыға,
Алып келді Үріші – қарындасы.

Тамыр ұстап, - деді тек, - жазыласың!
Жүзінде бір сенімнің жазы басым.
Бір сәтке ауруынды ұмыттырып,
Әзілді әңгімеден наз ұғасың.

– Жазыламын, - дейді ақын, - жазыламын,
Жыл өтер, күн артынан созылар күн.
Қолыма қайта ұстаймын қаламымды,
Инеден рухани азық алдым.

Былайша көзге ештеңе білінбейді,
Үмітті жарқын бір шақ күлімдейді.
Аурумен арпалысып тұрған сынды,
Қолдағы алтын ине дірілдейді.

Көкірегінде от ойлар өріледі,
Бір үміттің сәулесі көрінеді.
«Жазыласың» деген сөз медеу болды,
Дерт-қайғы айықпастай болып еді.

Лапылдап жанған жүрек сертіменен,
Айналып ақындықтың өртіне өлең.
Өзін-өзі жігер мен қайрат беріп,
Қайсарлықпен күресті дертіменен.



Тастамай аузынан бір Құдайды,
Күмбір көңлі, жүрегі жыр құрайды.
Ауруменен айқасқан иненің де,
Байқасаң «сай сүйегі сырқырайды».

Арманды ізгі ниет тілекпенен,
Адамдық, азаматтық жүрекпенен.
Жасанның «Е, Алла»деп ем бастаған,
Инесі қолындағы дір етпеген.

Сенімді, қолы батыл, қорықпайды,
Тұрса да айналада толып қайғы.
Күзетіп қос қабағын ауру жанның,
Күтуден жақсылықты жалықпайды.



ӘРҚИЛЫ АМЕРИКА

Сыйлайды келер күндер бізге нені,
Болашақ ғалым ойын жүз бөледі.
Әлемдік жетістікке жету үшін,
Жасан да тыным таппай ізденеді.

Біз неге ертеңіні болжамайық,
Келер күн көз жіберсең таңғажайып.
«Жас-Ай» бүгін өркендеп келе жатыр,
Күннен күнге қанатын кеңге жайып.

Қанағат етпей ертең бүгінгіні,
Алар асу талпынтар білімдіні.
Бір биікке жеткен соң, бір биік бар,
Алыстап жеткізбейді білім шыңы.

Күн сайын жаңаратын жаңа ғылым,
Сіңіріп бойына әлем даналығын.
Шығыс-тибет медицинасына тың,
Енгізу керек жаһан жаңалығын.

Тынымсыз бөлінеді ойы саққа,
-Жетпедік, - деп, - Қытайға байысақта.
Сапар шегіп автобус, пойыздармен,
Жасан кетіп барады қай ұшақта?



Өзгертер алуан түспен реңін көк,
Жаяды жасыл дала кілемін көк.
Сырына сан аурудың үңіледі,
Табамын, іздестіріп білемін деп.

Жинайтын ғылымдағы алыптарды,
Алтын ине иесін танып та алды.
Жасанның маңызды бұл іс сапары,
Америка жұртына бағытталды.

Алла берген қуаттың арқасында,
Мақсаты үшін сапардан шаршасын ба?
«Бисмилла» деп Нью - Йоркке келіп жетті,
Қоян жылы, мамырдың ортасында.

Күн санап қала жайнап, жәннаттанған,
Көз алмай бүкіл әлем қарап қалған.
Сексен қабат қонақ үй, бес жұлдызды,
Бос емес келіп - кеткен қонақтардан.

Өркениет осылай танылады,
Не іздесең бәрі де табылады.
Қаланы көру үшін саяхаттап,
Дүниенің төрт бұрышы ағылады.

Алсаң да қай саласын, ел жетілген,
Ақ бесік секілді бір тербетілген.
Роккфеллер орталығы баурап алар,
TOP OF THE ROCK алаңы келбетімен.



Тынысын, тіршілігін танып дара,
Ғажайып тылсым сырын алып қара.
Әлемдік өркениет үлгісі боп,
Жетілген заманауи алып қала.

Сұқтанып сұлулыққа кектенеді,
Тарихында бар талай «әттегені».
Сауда үйін жылан жылы қыркүйекте,
Жанкештілер қиратып кеткен еді.

Өкінген ұстай алмай жазалыны,
Әлі де жаңғырады азалы үні.
Сондықтан сақшылары көз ілмейді,
Теңдессіз тәртібі мен тазалығы

Биік тым сәулетшінің талғамдары,
Талғамдары - қиялы, болжамдары.
-Нью - Йорктей болса,- деп Астанамыз,
Жасан бір сәт қызығып, армандады.

Көрініп тұр игі істің бастамасы,
Ауылда даурыққанның бос таласы.
Сақтап тұр алуан түрлі қасиеттер,
АҚШ - тай алпауыттың бас қаласы.

Секілді басталатын жол тамыры,
Қалаға келген білер барша мұны.
Мейманды қабылдайтын алғашқы орын,
Рузвельт Медицина орталығы.



Жасалған жағдай, несін тосылады,
Сәт сайын өзгерістер қосылады.
Жылт еткен жаңалықты әлемдегі,
Өзіне пайдаланып отырады.

Ойласаң өмір деген күрделі ұғым,
Америка әлеммен бірге бүгін.
Денсаулық сақтау үшін кәсіпкерлер,
Аударған табысының бір бөлігін.

Басты шарт - ғалымдарды табыстыру,
Келеңсіз жағдайлардан алыс жүру.
Олар үшін шешілген мәселе екен,
Жүрек, бүйрек, бауырды ауыстыру.

Дұрыс боп болжамы мен жорамалы,
Ойларын тұжырымдап, саралады.
Маунт Синай ауруханасында болып,
Ленокс Хил емханасын аралады.

Дерт дендеп, шыбын жаның қысылғанда,
Ризасың көмек қолын ұсынғанға.
Ойын алаң, спорт зал, интернет пен,
Бөлме бар намаз оқыр мұсылманға.

Ауруды кейде ескеріп, елемесең,
Күшейіп жан жүйесін жеңеді екен.
Ит, мысығын өзімен алуына,
Ауруларға рұқсат береді екен.



Қазақтың дала сіңген санасына,
Жетпейді бәрі дархан даласына.
Гарвард университеті орналасқан,
Сапарлап келді Бостон қаласына.

Барлығы ауруларға арналады,
Жиырма екі мың адам бар, қол жоғары.
Қалада Массачусетск госпиталі,
Екі ғасыр болыпты орнағалы.

«Білмейміз» не «болмайды» дегізбейді,
«Ғылым мен тәжірибені» егіз дейді.
Қартайған клетканы ауыстырып,
Жазылмас ауруларға ем іздейді.

– Япырау, - дерсің, - сырға қалай бекем,
Қонақтың үндемеуін қалайды екен.
Шығыс медицинасын қолдап олар,
Біліп, танып, қызыға қарайды екен.

Сәндеп салған биік үй, аласасы,
Ай қыдырсаң таусылмас тамашасы.
Қонақтарды шығарып салу үшін,
Яхтада берді арнайы қонақасы.

«Статуя Свободы» ескерткіш жарасады,
Жұлдызды әлем секілді болашағы.
Көктегі жұлдыздармен шағылысып,
Жарқырап самаладай қала шамы.



Қайда барсаң құшағын жайған нұрлы,
Батыстың әуенімен жол жаңғырды.
Академик Жасанды көзбен көрген,
Әр қилы Америка ойландырды.

Тыңдады Жасан талай ғалымды ұғып,
Емдеудің жаңа тәсіл - жолын біліп.
Тек қана жетіспейді адамдарда,
Еркін ойлау, табиғи дарындылық.

Ауыр жүгі түскендей арқадан бар,
Адамдарша ойлаудан шаршағандар.
Техникаға сүйеніп алған әбден,
Компьютербас секілді жарты адамдар.

Қорқынышты не ойлар түске енеді,
Қашанда рухани күш женеді.
Шаханов Мұхтар айтқан мына өлең,
Еріксіз сонда есіне түскен еді.

«-Иә, бізді қайда апармақ мына заман ақпалы,
Ұлан-байтақ жерімізді жарты адамдар қаптады.
Қайда барсаң көз алдында өнеге боп жарқылдар,
Жарты ұстаздар, жарты бастық,
жарты қыздар,
жарты ұлдар.

Қайтсек екен, монитор көз,
компьютер бас жас талап,



Білім+Рух болуы үшін ажырамас қос қанат?
Қай кезде де білім-күшiң әрi нұрлы жетегiң,
Бiлiмнiң де адамзатқа зияны бар екенiн...

Оян, Данте, Фирдоусидiң және Абайдың айбыны!
Бөгей алмау ғасырға сын бұл тасқынғой қайғыны.
Қол қусырып көнеміз бе,
Үнсіз жата береміз бе,
Робот-түйсік арқаланған,
Мейірімі тұл жарты адамдар
Жердiң бетiн түгел жаулап жеңгенше?...»

Мына заман шымшықты, шөрегейлі,
Жаңалықтар тасқыны төбелейді.
-Ертеңіміз не болар? - дейді Жасан,
Нью-Йорк ештеңе елемейді.



КҮРЕТАМЫРДЫ ІЗДЕУ

Ұлы ойлар ұялатып санаға асыл,
Өмірде болмағаның болады ақыр.
XXI - ғасыр да күрделеніп,
«Ине ғасыр» атанып бара жатыр.

Қазақты қинай бермек қашанғы азап,
Деп еді: «Халқым үшін ашам ғажап».
«Шығыс емі» әлемге шеру тартты.
Басында ұлы көштің Жасан қазақ.

Қайраткер Жасан бүгін дара тұрған,
Гүліндей ен даланың жаңа ашылған.
Алтын қол, ақ көңілді, асыл адам,
Ажалдан құтқаруға жаратылған.

Өткенде ауру үйдің іргесінен,
Жасайды дәрігер де білгесін ем.
Ажал да құты қашып қорқады екен,
Жасанның қолындағы инесінен.

Бұл шақта кемелденген кезі ме еді,
Қарады сенімменен өзіне елі.
Туған ел, өскен орта, бейбіт еңбек,
Жасан да бақытты жан сезінеді.



Самалдай Алатаудан өлең есіп,
Туған жер, алтын ұя – бөле бесік!
Ақмарал, Ұлпан, Баян, Нұрсұлтаны,
Бақытты жанұяда келеді өсіп.

Талант пен еңбегінсіз танылды кім,
Жан жары арқалаған жарым жүгін.
ҚазҰПУ-де жастарға дәріс берген,
Гүлия Әлиханқызы ғалым бүгін.

Өркенді істен әр кезде ой аласың,
Сілкініп сергек сезім оянасың.
Созақтан қол-аяқсыз келген Ақын,
Жазып отыр осы бір поэмасын.

Таласып таңмен ақын оянады,
Тәкаппар тауларынан ой алады.
Алматыдан тағы бір хабар жетті,
Аяқтап қалған кезде поэманы.

Жасекен желікпеді, зерікпеді,
Бақ басыңа қарадай келіп пе еді?!
Халықаралық «Сократ» орденіне,
Ие бопты поэма кейіпкері.

Бір сазбен тербетіліп сәуір жаны,
Күй толғап, толықсиды тау ырғағы.
Тағы да таң қаларлық іс жасапты,
Өнерпаз – Толыдағы бауырлары.



Өнерде ұшқын атып жалындапты,
Толының жасы бірақ танылмапты.
Он мың адам қосылып домбырамен,
Халықтың «Кеңес» күйін орындапты.

Жаңаны ұштастырып ескіменен,
Өнерде ұлы жолға көш түзеген.
Таңырқап тындап қалды құлақ түре,
Қазақтың домбырасын естімеген.

Сезінген бар әлемді таң қыларын,
Асқақтап екі шектен жаңғырады үн.
Бір сәтке әлем көгін тербеп тұрды,
Күмбірлі әсем сазы домбыраның.

Оқиға болған ғажап, ең қызықты,
Өнерде толылықтар сен бұзыпты.
Халықаралық «Гиннестің» кітабына,
Теңдессіз жаңалықты енгізіпті.

Тұнып тұрған даналық сайын далам,
Жапырақ жай, қарағай, қайың да аман.
Тағы әлем толылықтар арқасында,
Қазақтың ұлылығын мойындаған.

Жазылар қыртыстанған қара қатпар,
Кетеді жердегі әлі-ақ алағаттар.
Жарқын-жарқын жылдардың қойнауынан,
Жасанды іздеп келер марапаттар.



Бәрі де қиын күннің артта қалды,
Ел үшін адал қызмет атқарады.
Жарты әлем таңырқаған бұл ғажайып,
Жасанға ине ұстаған жалт қарады.

Халқының әдет-ғұрып, салтын алған,
Сол салтын білген бүгін жарты ғалам.
Елімен бірге Жасан келе жатыр,
Алтын ине ұстаған алтын адам.

(жалғасы бар)

01-20 наурыз, 2011 жыл




Болат Құрманғажыұлы

ПУБЛИЦИСТ - ЖАЗУШЫ

**ЖАРҚЫРАЙ БЕРМЕК
ЖАСАН ӘЛЕМІ**

(ЭССЕ)





Мамық жүнді қоян жылының 24-ші желтоқсан күні таңертең, айбатты Алатаудың шыңылтырлау сар желіне сергімекке үйден сыртқа шықтым. Менің көрінуімді тосып отырғандай жалп етіп ұшқан тарғыл қауырсынды жалғыз үкі ауламыздан ұзамай екі арқан бойы барып көрнеудегі ағашқа қонды. Көрмегелі көп болған қасиетті үкіні жақсылықтың нышанына балап, үркітіп-қорқытып алмай ұзақ қарап тұрдым.

Бұл көріністі таңғы шайүстінде бала-шағама айтып, бір қуанышты хабардың боларына жорыдым. Олар да қызығушылығын жасыра алмай, қырауы сейіле бастаған терезеден сыртқа қарады. Мамық жүні күміс қармен шағылысып, тинамдай екі құлағын шошайтып отырған үкіге ғажап таңырқасты. Қазақ нанымında әрбір қауырсын, мамықтарына дейін жын-шайтан, ібілістерді жолатпай аластайды, жақсылыққа жар болады делініп әспеттелген “періште құс” түс ауғанша отырды. Қашан ұшып кеткенін ешкім байқамаған.

Түстен кейін әйелім екеуміз қала аралап жүріп медицина саласының білікті, білгір ғалым дәрігері Жасан Зекейұлы інімізден телефон алдық. Белгілі бір партия атынан Алматы қалалық мәслихаты депутаттығына кандидат ретінде сайлауға түскелі жатқандығын хабарлап, менің қолдаушы, көмекші болуымды өтінді. Қуана-қуана құптадым. Әлгі үкі Жасан ініміздің осы жаңа хабарын жеткізбек екен-



ау деп топшылады. Бұл үміткердің тұңғыш саяси додаға түспек сәті болатын.

Азуын айға білеп, күнді де жасқардай кәрленіп қаһар шашқан алып аю мен қара айдаһар көздері қанталап, жаһанды жұтып жіберердей ширек ғасыр арбасып шегіне жеткен соң барып, ақыры аюдың құлауымен аяқталды. Қос мақұлықтың арасында қалған көгершін – қазақ еркіндік аспанында еркін самғады. Сыңарезу саясат күйреп, бодандықтың қамыты сыпырылды. Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілді. Екі тау қосылмаса да, екі ел қосылды. Егемендік дабылы жер шарын шарлады. Әлемге тарыдай шашылған қандастарымыз, етегін жауып, білегін сыбанған еңселі еліне, тарихи отанына қайтқан құстай лек-легімен оралды. Солардың сорпа бетіне шығар бірегейі, ана сүтінен дарыған қазақтық асыл ар, сетер сезім, асқақ сана, мұқалмас рух алпыс екі тамырында орғыған, еңіреген ер Жасан Зекейұлы еді.

Жоңғар ойпатының жиегі мен Еренқабырға тауының терістік бөктеріне орналасып, дамыған өнеркәсібімен дараланып, қытайдың “жүз шолпан қаласының бірі” болған Күйтүн қаласындағы Іле Қазақ Автономиялы облысының орталық емхана-сында алғашқы еңбек жолын бастаған жалынды жас Жәкең жасындай жарқылдап, медициналық мамандық тұғырынан қайыруы жеткен қырандай тегеурін байқатты. Қашан да жайраңдап жүретін жайсаң мінезді дарын иесі болашақ ғалымдығының



іргетасын берік қалады. Қаланың қақ ортасында кең үйі, тамаша тіршілік күйі болды. От жанарлы, ашық-жарқын, қызылшырайлы, жылы жүзді елпек ұлға алтын асықтай, айқабак, ақылды ару Гүлияның жар болуы да ғажап қисын болса керек. Ұзамай Ұлпан атты сүйкімді бөбегі де дүниеге келіп, шаңырағына бақыт сыйлады.

Жәкең өз қатарынан, кәсіптестерінен оқ бойы оза шапты. Шынжаңдағы Алтай, Тарбағатай сынды алыс аймақтардан дерттеріне арнаулы шипа іздеп келген науқастар, Жасанның қолынан ем алып жазылып кетіп жатты. Бұл жайттар жас Жасанның атағын жая бастады. Алған білімнің тереңдігі мен жиған тәжірибесінің жоғарылығы, жалықпай ізденіп, талықпай зерттеуі біліктілігіне пәрменді қуат берді. Оның құлагердей құйғыта жөнеліп мәреге бұрын жетуі кейбіреулердің көзін қызартып, көңілін тарылтты. Оларға Жәкеңнің білімі таяз, абыройы төмен, еңбегі шамалы болып, еңістемесе, өрлемеуі керек еді. Олардың қызғанышы мен аяқтан шалу пиғылдары адал азаматтың намысын қамшылап, жігерін жаныды, ми қазанын қайнатты. Оның осы кездегі обал-сауабына куә болып, өзегін өртеген ішкі күйзелісімен де ортақтасқан болатынмын. Ойлана-толғана бір байламға келген ол миллиардтар арасынан суырылып шығып, меңзығыр тұңғиықтан серпіле самғап, шымқай көк туы желбіреп, аспанында қыраны қалықтаған еркін еліне біржолата аттанды.



Бұл шақ арманшыл асыл азаматтың 1989-1995 жылдар аралығындағы тасқындай жөңкілген тұсы еді. Яғни, ҚХР, ШҰАР медициналық университетінің емдеу факультетін қызыл дипломмен бітіріп келіп, Күйтүн орталық емханасында дәрігер-хирург және инемен емдеуші аға дәрігер болған; шығыс-тибет медицинасы бойынша Пекин, Тиянжин қалаларында екі жыл білімін жетілдірген; хирургиялық ауруларды және операциядан кейін ауруы асқынған сырқаттарды тибеттік емдік тәсілдермен емдей білген; емхананың 80 орынды палатасының көкірек-кеуде-бас бөлімінің жауаптысы болып абыройы асқақтап, халықтың қалауласына айналған; елін елең еткізген елеулі еңбегінің мәуелі жемісі ретінде ҚХР денсаулық сақтау ісі бойынша мемлекеттік 100 үздік жас маманның бірі; ҚХР денсаулық министрінің бұйрығымен “жоғары білікті аға зерттеуші дәрігер” атағына бірден ие болған алымды кезі тұғын.

Тәңір сыйлаған егемендіктің күрделі де күрмеулі жылдарын үлкен күреспен өткеріп жатқан жас қазақ мемлекетінің ертеңіне, әсіресе, халық денсаулығы мен өміріне тірек болатын медицина саласының болашағына шынайы алаңдайтын Жәкең 1994 жылы ата жұртына арнаулы келіп, жан-жақты зерттеп қайтты. Оның осы сапарға бел бууына педагогтар отбасынан шыққан аяулы жары Гүлияның қолдауын бөле-жаруға болмас. 1967 – жылғы “Іле-Шәуешек оқиғасы” кезінде Гүлияның Шәуешектегі нағашы жұрты шекара ашылысымен, бір-ақ күнде



қазақ жеріне өтіп кеткен. Бұл жолғы ұлы көштің соңы қазақтың онсыз да қалыңдап тұрған сорын тағы бір қайнатқаны белгілі. Ат қойылып, айдар тағылған Гүлияның әкесі Әлихан мен шешесі Қадишаға осы жағдайлар шоқпар болып тиді. Саяси жақтан қыспаққа алынып, кәсіптерінен айырып, қудалап тынған. Қытайдың солақай саясаты оналған соң олар ұрпақ тәрбиесіне қайта оралған. Ата-ана, туыс-туғандарынан айырылып көз жасы көл болған Қадиша апайдың сағынышқа толы мұңзары Гүлияның сәбилік санасына шежіредей сіңе берген. Оның Қазақстандағы нағашыларына деген іңкәр сезімі жүрегінің түкпірінде бүр жарып жатқан. Сондықтан да жары Жасанның айтқан «ата мекенге ат басын бұру» туралы ойын бірден құптаған еді.

Жәкең ұлағатты елге ұлы сапармен аттанғанда, отбасының барлық ауыртпалығы Гүлияның мойнында қалды. Күйтүн қалалық 5-ші орта мектептегі ұстаздық сынды мәртебелі қызметін атқаруымен қатар, қызы Ұлпанының үмітке толы сәби жанарына қадала отырып, адал жарына Алладан медет тілейтін...

1995 жылдың жазында тап-тұйнақтай буынып-түйінген Жәкеңнің отбасы асқаралы Алатау бауарайындағы алып шаһар Алматыға ат басын бір-ақ тіреді. Шекарадан өте салғанда-ақ жас жұбайлардың жүздері бал-бұл жанып, көңілдері көк дөненше аласұрды. Бабалар қас жауынан қорғап қалған ұшы-қиырсыз кербез далаға тойымсыз көз қыдыртып,



бақыт құшағында тербелді. Олар құшақ жая қарсы алған туыс-туғандарымен, дос-жарандарымен қауышып, арқа-жарқа болысты. Енді ғана етек жауып, ес жия бастаған қазақ елінің күн санап ширауы үлкен үміт ұялатты. Барды киіп, бақанды қолға алған, ішкені – алдында, ішпегені – артында, үзеңгі-баулары тоғыз қабатталған байашат күндерін Қытай еліне қиып тастағандарына өкінген емес. Өйткені, олар қазақ елін теңдессіз сүйді. Жастық көктемдерін арнауға бекіді. Елінің еңсесіне өз әлдерінше, білім-кабілеттерімен сүйеу боп, отанның бір кірпішіндей қалануды асқақ арман етті...

“Ер еліне, қаз көліне” деген осы. Десе де, тұтас қазақ қоғамын ғасырға жуық бөтен ырғақты, тасбауыр, сұрқылтай жүйеге салып үлгерген кеңестік кер кезеңнің кесірі қазақты айналып өтпепті. Мұндағы ұлттар мен ұлыстардың тәрбиесі, тілі, мәдениеті, қарым-қатынасы, ойлау тәсілдері Жасан отбасысы үшін бөлекше сезілді.

“Басқа салса басбақшыл ” деген қазақ тегін сөз айтпас текті халық қой. Жәкең қат-қабат қиындықтардың бәріне төзе білді. Жаркен Бөдеш сағынышпен жырлағандай, «Туған жерім Жәйір тау, екі өркеші айыр тау» деп, туған жері майлы Жәйірді сағынады. Сол Жәйірдің бөктерінде бір төмпешікке айналған әке зираты еміс-еміс есіне түседі. Өз кезінің серісі, қытай тілінің майталман маманы болған, асқар тау әкесі Зекей Тұрсынбекұлы жайында көп ойлайды. Қазақтың әнін айтуға, күйін шертуге, тіпті, тыңдауға



тыйым салған қытайдың сұм саясатынан сескенбестен, той-томалақта әуелете ән салып, күмбірлете күй шерткен әке құдіретін аңсайды. Сөйтеді де, сол данагөй әкенің көңіл түкпірінде Қазақстанға деген ерекше бір құштарлықтың бұлқынып жатқандығын көргендей болады.

Жасанның ой иірімінің бұлайша толқуы да тегін емес-ті. Қазақстаннан шыққан көптеген әдебиеттерді, газеттерді көрсетпей алып, білдірмей оқып жүретін әкесінің өз аузымен айтып берген қазақтың елі жайлы, ондағы ұлы тұлғалар жайлы көптеген әңгімелері әлі күнге дейін есінде.

Әке мұратын жерге қалдырмаған Жәкендей ұлды тапқан анасы Шәрипа Ғазезқызы да асылдың сынығы еді. Шәрипа топырағы торғындай Толы деген ауданда, басына дәулет қонған берекелі шаңырақтан туылып, жөргегінен бастап келісті тәрбие көрді. Осындай ананың ақ сүтінен тараған тектілік нәрі Жасанның қанына сіңіп, жүрегіне құйылды.

Кейде Жәкен: “Әттең, өзім науқас жандарды сауықтырып Алладан сауап алсам; әкесінен жастай айырылған бес бірдей баланы қанаттыға қақтырмай өсірген анамды, Сайра, Серік, Сержан, Ержан деген аға-бауыр, әпкелерімді осы елге алып келсем. Олар өз отанында, өз елінде бақытты күн кешсе, шамасы жеткендері еліне еңбек етсе” деп көп армандарға тізгін беретін. Оның кіршіксіз ойларынан туындаған асау армандары оп-оңай орындала қалған жоқ. Қиямет қиындықты тайсалмай еңсерумен, мызғымайтын



табандықпен келді. Қажырлықпен үйрену, жалықпай ізденудің, ерінбей тәжірибе жинақтаудың арқасында ғана қол жеткізді.

Жәкең шын тұлпарларға тән мінез танытып, ылдидан ілінбей, өрлерден сүрінбей өтті. Алғашында Қалқаман ықшам ауданындағы №1 қалалық емхананың 12 шаршы метрлік аядай бөлмесін жалға алды. Осыдан бастап қазақ еліне Шығыс-Тибет шипагерілігінің аса қажет екендігі, бұл жақта осы ғылымның дамымай қалып қойғаны жайлы ой түйеді.

Шығыс-Тибет шипагерілігі қытай тілінде, ал, қазақстандық медицина орыс тілінде болғандықтан, аудармашылықтың алдыңғы орында тұрған мәселе екенін пайымдады. Кейіпкеріміздің өз сөзімен айтар болсақ “қиыншылық бар жерде ғана нәтиже жаратылады”.

Жәкең құр сөзден, бос қиялдан аулақ болды. Қаланың шетінде бір бөлмедегі жатақханада тұрып, С.Асфендияров атындағы Ұлттық Медицина Университетінде оқып жүрген күндерін: «Жатақхана мен трамвай паркінің аралығы 4-5 шақырым жер болса, ал, университет пен трамвай паркінің арасы бірнеше сағаттық жол болатын. Үйренемін деген адамға ештеңе бөгет жасай алмайды. Кітапханада материал қарап отырып, уақыттың өткенін білмей қалып, трамвайға үлгермей, такси таба алмай, түн ортасына дейін жаяу жүретінбіз. Трамвай мен жатақхана арасы жүгері өсіретін алқап болатын.



Қыста қасат қарды тізеден кешіп, жазда батпаққа батып жүретінбіз. Аяқ киім шыдас бермейтін...».

Білім соңында жүріп отбасының тұрмыстық жағдайына көңіл бөле алмаған Жасан өзінің аяулы жары мен баласының алдында қысылып жүргенімен, болашағына үлкен үмітпен қарайтын. Жары еріне сенсе, ері еліне, еңбегіне сенді. Аядай бөлмеде жұпыны дастарханын жайып отыратын осынау отбасы соншалық бақытты болды.

Болашағын қазақстандық медицина саласымен тікелей байланыстырған Жәкең орыс тілін үйренуге білек сыбана кірісті. Айналасы бір жылға жетпейтін уақыт ішінде медицинаның ғылыми тіліне тереңірек сусындады. Туа біткен еңбекқорлығы мен табандылығының арқасына көздеген жеріне жетіп, алға қойған асуларын бағындырып отырды.

Жасанның жасындай жарқылдап білім аспанында қанат қаққан кезі Қазақстанның ауыр қаржылық дағдарысымен тұспа-тұс келді. Капиталистік мемлекет ретінде жаңадан құрылып, әлемдік дағдарыстың дауылмен арпалысып жатқан қиын кезеңінде көптеген ғалымдарымыздың шетел асып жатқаны болашақ маманның жүрегін бордай езді. Заман мен қоғамның қиындығы Жасанның күшіне қуат қосты, екпінін қайтара алмады. Құлашын еркін сермеп, асау толқынға қарсы жүзді.

Отбасы, жұмыс, қоғамдық қарым-қатынас сияқты күрмеуі қиын түйіндерді дұрыс шеше жүріп, асқақ арманы мен биік мақсатынан көз жазбады. 1998 жыл-



дан бастап, Алматы Қалалық Орталық клиникалық емханасында Шығыс-Тибет медицинасының аға дәрігері ретінде елеулі қызметтер жасады.

Өз-өзіне қанағатануды таяздық деп сезінген Жасан Зекейұлы бұл кезеңдерді ұтымды пайдаланды. Білімін арттырып, тәжірибесін молықтырды. Әрбір күнін еңбекпен өткізіп, әр таңын ізденумен атырды. Маңдайдан тері тамшылап, көз майын, жүрек қанын сарқып жұмсады. Жалқаулық пен бойкүйездіктен бойын аулаққа салып, тынымсыз еңбектенумен болды.

Тұлпар болар тайды жазбай таныған академик, профессор Аман Нұрмақов 2002 жылы Жасанды өз жетекшілігіне алды. Шығыстық медицинасының мол білімінен сусындаған Жасанның болашағын сол бағыттан қарастырды. Медицинаның осы саласынан қамшы салдыртпайтын жүйрік екенін байқатып жүрген Жасанға білімін дәлелдейтін мезгіл де алыс емес болатын.

Атақты профессор Нұрмақовтың жетекшілігімен “Тибет медицинасы бойынша қабыну үрдістерінің алдын алу, емдеу және хирургиялық аурулар” атты ғылыми еңбегін сәтті қорғап шықты. Осы күннен бастап Жасанның өз елінде еңбек етуге деген құштарлығы еселеп артып, бойына буырқанған күш бітті.

Ол бір жағынан орталық емханадағы жұмысын жауапкершілікпен атқара жүріп, Тибет медицинасы негізіндегі шағын емхана ашып, қосымша



адам емдеуді жолға қойды. Жәкеңнің үйрену, іздену, тәжірибе жинау, біліктілігін арттыруы үшін орталық емхана үлкен мүмкіндік берді. Орталық емханадан үйренген білімдері мен Шығыс-Тибет медицинасының адам денесіндегі 700-ге жуық нүктені өзек етіп емдейтін құнды құпияларымен өзара сәйкестендіре отырып, көптеген ауру түрлеріне емдеу жүргізді. Оның практика майданы – шағын офисы болды. Нүктелерді дәл тауып, алтын инесін бойлата отырып талай адамның жанына батқан жаман дерттен айықтырғанына өзім куә болдым.

Жәкене емделуге келген адамдардың көбісі түнеріп келіп, желпініп қайтуы да тегін емес. Әуелі науқас адамды жылы шыраймен қарсы алып, оның ауруына шын жанашырлық танытып, асықпай тексеріп, мұқият бақылаудың маңыздылығын ұмытпаған Жәкеңнің басқа әріптестерінен биік тұратын тұсы да осы болса керек.

Әр ұлттың ақсақалдары мен апалары алғашында түнеріп, үмітсізденіп отырғандарымен оның тамыр ұстауына, ине қоюына, жылы мінез танытып науқастың сипатын ерінбей-жалықпай түсіндіретініне дән риза болып желпініп, еңселерін басқан уайымнан арылғандай болатын. Олар шын мәнінде талай емханаларға барып, дәріден де, дәрігерден де әбден ығыр болғандар. Тек Жәкеңнің алтын инесі мен шипалы шөбінен үміт күткендері байқалып тұратын.

Дерттеріне дауа таппай сандалған сан



бейбақты ауруынан айықтырып қана қоймай, олармен жақынындай сырласатын. Олардың ине қою, массаж жасау, лоңқа төңкеру сияқты Шығыс-Тибет емшілігінің құпия сырлары туралы қызығушылықтарына түсіністікпен қарайтын. Егжей-тегжейлі түсіндіріп, қарапайым, ұғынықты тілдермен нанымды жеткізуден жалықпайтын. Медицинаның бұл түрімен ішкерлей танысып, белгілі сауатқа ие болғанда ғана сенімдері артып, уайымдарынан сейіліп, күдікті көңілдеріне үміт ұялайтын. Ал, сенім бар жерде нәтиже болатынын анық түсінген Жәкеңнің даладай дархан пейіліне риза боласың. Адамдағы сенім ғана еңсені басатын барлық рухани ауыртпалықтардан тез арылтатын маңызды фактор екені сөзсіз. “Қайғысыз қара суға семіреді” деген халық даналығы да тегін емес қой.

Бірде, талай мәрте халықаралық жыр мүшәйралардың жүлдегері сыйлықтардың иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, ақын Қайрат Құлмұхамедұлы әңгімесінде: “Ол білгір ғалым ғана емес, таптырмас әулие. Бір жолы белім ауыра қалды. Біраз күн өтсе де ауруым жазыла қоймай, мазамды қашырып жіберді. Сөйтіп, Жәкеңе барып тексерілдім. Ол ауырған белім жайлы біраз қағытып, қалжыңдап отырып, әйеліме: “Қайратты еркек қойдың етімен бірнеше күн сорпалап, жел тигізбей орап тастап терлет” деп, жай ғана тапсырма беріп кетті. Дәрігер біткен дәрісін ала жүгіруші еді, Жәкеңнің айтқаны мен үшін қызық



болды. Дегенмен, білікті маманның айтқанын айнытпай орындадық. Белім жазылып, буыным бекіп шыға келдім” – деп, ағынан жарылғаны бар еді. Осыдан барып, Қайрат Құлмұхамедұлының Жәкең туралы “Елін сүйген – Елі сүйген” сүбелі мақаласының мәнін түсіндім. Шынында елі үшін еңбек етіп, елінің сүйіспеншілігіне бөленген Жәкеңе қандай құрмет жасасақ та лайық болмақ.

Жасан Зекейұлының қытай еліндегі ажал аузында жатқан қысықкөздер мен өз қандастарымыздың талайын аяғынан тік тұрғызғаны аңыз болып айтылып жүр.

Шамасы алты, жеті жылдың жүзі болды-ау деймін, Жәкең бір мейрамханада туылған күнін шағындау өткізді. Барлығымыз жайғасқан соң, қонақтарының ең нояны, қазіргі ҚР парламент сенатының депутаты, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ұлттық ғылым академиясының академигі Ғарифолла Есім ағамыз жеңгемізбен бірге келіп ортамыздан ойып орын алды. Бәріміз қотарыла қол берісіп, денсаулығын сұрап жатырмыз. Сонда сол ағамыздың ең көкейтесті алғысын былай баяндағаны есімде:

-Бауырлар, менде қан қысымның жоғарылауы дейтін бір бәле бар. Жұмысымыз қарбалас болып кеткенде оны да естен шығарып алам. Бір кездесуден шығып өзімді өте жайсыз сезініп тұрғанмын. Жасан інім кездесе кетіп сәлем берді. Өңіме қадала қалып: “ойпыр-ай, ағасы, жүзіңіз күреңітіп, көзіңіз қанталап кетіпті, тамыр соғысыңызға қарағанда қан



қысымыңыз ерекше жоғарылап кеткен көрінеді. Неге елемегенсіз? Жүріңіз офисыма” – деді де өзімен бірге ертіп барып, тексеріп жіберіп қанымның 200-ге өрлегенін айтып шошып кетті. Ең өнімді аспа инелерін қойып, дәрілерін ішкізді. Егер жығылған болсам жағдай басқаша еді. Көп ұзамай шапшып тұрған қаным да түсе бастады. Қатарынан бірнеше күн емделген соң жеңілдеп қалдым. Денсаулығым қазір жақсы. Міне, осы үшін ғана Жасанға деген алғысым шексіз. Мен сияқты талайдың дертіне дауа болып жүрген бұл азаматқа ашық жол тілеймін...

Елағасы болған ағалардың Жәкең жайлы айтқан жылы лебіздерін тізбелей берсек, оның өзі бір кітап болар.

Ісі қазаққа танымал ақын Жәркен Бөдешұлы “жуықта қатты ауырып, қол – аяғым қақсап жан таптырмады. Жасанға бардым. Сонда, Жәкең тамырымды ұстап отырып: “Қорықпаңыз, басқа емханаларға тексерілем деп әуре де болмаңыз, бізде бірнеше күн ине қойғызып дәрі-укол алсаңыз сауығып кетесіз” деп уайымнан арылтты. Айтқанындай жазылып кеттім. Сосын мынадай өлең жолдары еріксіз қалам тербетті, тыңда” деді де, “Арашашы” деген сиясы да кеппеген мына үш шумақ өлеңін оқи жөнелді:

Қаны бір, тағдыры ортақ – Жасан інім,
Жоқ сенде қасаң ұғым.
Көкбөрі мерткіксе де сыр бермейді,
Ақын да сездірмейді аш-арығын.



Тағдырдың түнергенде нала аспаны,
Саусағың тамырымнан адаспады.
Ұрланып ағзама кірген дертті,
Киелі алтын инең аластады.

Қардай боп ағарса да қара шашым,
Өнерлімін, өлеңмен бал ашамын.
Ажалдан сескенбеймін, қорықпаймын да,
Өзіңдей бар болған соң арашашым!

Қарапайым халықтан бастап, шенді-шекпенділер,
әйгілі ақын-жазушылар мен әнші, күйші, сазгерлерге
дейін Жәкеңнің даңқын естіп, оған емделіп, сауығып
қайтқандары тіптен көп.

Жасан Зекейұлына келіп өмірін тыңнан бастап
жатқандардың қайсы бірін айтарсың. Солардың
ішінде оң қолына ағаш кіріп жарасы асқынып
кеткендіктен, “кеспесе болмайды” делінген
Нұрбәтіш апай; денесінің 90 пайызы псориазға
шалдығып, Германия, Беларусь елдеріне ем іздеп ба-
рып, “жазылуы қиын ауру” деген жауап алып қайтқан
Әбусағит Молдахметов; “Омыртқа аралық диск
жарығы, бел-құймышак, омыртқалар остеохондро-
зы” делініп, жүріп-тұруы қиындаған Абай атындағы
Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің про-
ректоры Мақтағали Бектемесов; қан қысымының
шұғыл көтерілуінен оң қолы мен аяғы жансызданған
Бәтімхан Жантасова; “Ми ісігі” деген қорытындымен



басы айналып, көзі қарауытып, өмірінен күдер үзген Разиха Елтаева сияқты ауыр дертпен арпалысқан науқастардың барлығы да Жасан жасаған емнен кейін жазылып жатты.

Жәкеңнің алдына көбінесе қойылған медициналық сараптар үстірт болған, емделулерінен өнім болмаған ауыр жағдайдағы науқастар келеді. Сондықтан кейбір сараптама нәтижесін теріске шығару арқылы шындыққа көз жеткізу, үстірт кесім шығармау тектес нағыз дәрігерлерге тән жауапкерлікті мықтап ұстанған Жәкең оларды ерінбей-жалықпай қайта тексертіп көрді. Өзінің болжамымен бірдейлігіне көз жеткізді. Науқасқа диагноз дұрыс қойылып болғаннан кейін ғана емдеу сатысына қадам қойды.

Кәсіпке деген шынайы адалдық пен науқастарға деген жанашырлықтың соңы таңқаларлық нәтижелер беріп жатты. Әлгіндегі “Ми ісігі” қорытындысымен күдерін үзіп, соңғы үмітін өзіне ғана артып отырған Разиганың мөлтілдеген жанарына жаны елжіреген ол бар ынтасымен тексеріп көріп, үрейленбеуін, мидың қатерлі ісігіне ұқсамайтындығын, магнитті резонансты томографиялық аппаратқа түсіп, қайтадан анықтауды тапсырды. Жәкең мол тәжірибесі мен үлкен біліміне сүйене отырып “қан тамыры жарылғандықтан біртіндеп қан түйіндері пайда болған болуы мүмкін” дген болжам жасады. Дәрігеріміздің даналық ойы озық үлгідегі аппаратпен бірдей шықты. Айналасы үш айда ішінде



дертінен толық айыққан Разиганың қуанышында шек болмады.

Тоғыз жыл бойы емделсе де бала сүйе алмаған Ботакөздің, “балалы болу мүмкіндігі бір пайыз ғана” делінген Әлия Пшаионованың, “бедеу” диагнозы қойылған Гауһар Кәрімованың барлығы да Жәкеңнің емінен соң ана болу бақытына кенелгеніне таң қалмасқа шараңыз жоқ. Бұл арада әр деңгейдегі емдеу мекемелерінің диагноз қоюлары, емдеп жазулары мүлде өлшемге толмайды дегендік емес, дегенмен, судан тұнық, сүттен ақ деп түбегейлі ақтаудан да аулақпыз. Айтпағымыз, ғасырлар қойнауынан бастау алатын, көп ұлттар мен ұлыстардың (қазақ та ішінде) баға жетпес құнды, дәстүрлі, құпия емдеу рецептері мен ұшан-теңіз мол тәжірибелері арқылы Жәкең әкелген алтын ине терапиясының ғажап ерекшелігі болмақ.

Жаратушының жұмыр басты пенделеріне түртүс, мінез-құлық, бақ пен сорын, зейін-зердесін, арман-тілегін алуан түрлі және әр деңгейде беретініне қайран қаласың!

Қалам тербеуімізге себеп болып отырған кейіпкеріміздің маңдайына Алла Тағала дарын, ақыл, мейірімді мейлінше силаса керек. Бұлай айтуымыздың себебі Жәкең аса сезімтал жан. Оның жатса-тұрса санасынан бір сәтке де сарқылмайтын толғанысы бақыт та, байлық та, атақ емес, халықтың өмірі мен денсаулығы. Осы арманына жетудің жалғыз кілті – Шығыс-Тибет медицинасының қазақ еліндегі



бостықты толтырып, салиқалы салтанат құруы. Осыны тереңінен пайымдаған Жәкең көп уақытын Шығыс-Тибет медицинасының негізін қалаған қытай тілінде мың жылдан бері жазылып келе жатқан том-том кітаптарды ақтарыстырып, Ұлықпан Хәкім, Өтейбойдақ бабаларының теңдессіз емдік тағылымдарына құныға зер салып, Ибн-Синаның нүктелік массажды көп қолданудағы сырық бойламас сырларына үнілумен өткізді. Иненің тылсым құпияларын үйреткен ұстазы Сун профессордың айтқандарын үнемі есіне алды.

Ғылым соқпағында тау мен тасқа соғылып, шаршаған шақтарында Ұлпан, Ақмарал, Баян, Нұрсұлтан сынды сүйкімді балаларына қарап, барлық ауыртпалығынан жеңілдеп қалатын. Сол балапандарына аналық мейіріммен әлдилеп, даналық сөздерімен тәрбиелеп, өсіріп жатқан келініміз Гүлияға іштей риза болатын-ды.

Мейірім – имандылықтың, адами парасаттылықтың белгісі. Жәкеңнің бұл қасиеттен алған еншісі де аз емес. Ол жұмыста білікті маман, отбасында мейірімді әке ғана емес, қоғамдағы қолы ашық, көңілі жомарт жандардың да бірегейі. 2004 жылы құрылған «Жас-Ай» медициналық орталығында емделіп шыққандардың саны 60 мыңнан асқан. Бір өзі басқарып отырған бір орталықтан осыншама адамды ауру азабынан құтқару кез келгеннің қолынан келмейтін қомақты шаруа. Жәкең міне осындай келелі істің тізгінін ұстап, тігісін жатқызып



қоймай, қайырымдылық жағын бірге алып келе жатыр. Өзі айтқандай «дәрігердің мақсаты біреу-ақ, ол – науқастың жазылуы» деген өмірлік ұстанымынан айныған емес. Осы қасиеттерін сипаттайтын өнегелі істері де жетерлік. Жәкеңнің алдына ақшасыз келіп, ауруынан айығып жатқандардың саны 10 мыңнан асқан. Солардың ішінде, туа біткен “қоянжырық” кемістігі болса да, емделуге қаражаты жетпей жүрген 21 жастағы Нұрлыгүл Жаңабаеваның күйзелісін тікелей эфирден көрген соң, жаны төзбей 100000 теңге жылу атап, пластикалық операция жасатуына көмектесті. “Артериялық гипертонияның 2 дәрежесі, қауіпті 3-ші топ невроз” сырқатына шалдыққан Гүлжан Әлпейісованы мұқият тексерген Жәкең оған “мойын омыртқалар остеохондрозы және глаукоманың басталуы” деп қосалқы анықтама беріп, емдеуді тегін жүргізіп берді. Оның мейірімі көл-көсір десек те артық айтпаспыз. Оның шипалы алақанының жылуы көптеген адмның өміріне үміт бағыштады.

Үстіміздегі қаңтар айында тұтқиыл жүрек талмасынан қайтыс болған Әділ атты аяулы азаматтың соңғы жұмыстарын басқарып, көлік және көмектесетін адам шығарып берумен қатар 150000 теңге көлемінде, ақшалай көмек жасады.

Меценаттық жұмыспен айналысқан ол “Өмірді қорғау” қорын құрып, Бәйдібек ауданындағы мүмкіндігі шектеулі ақын қыз Элмира Омарбекованың жыр жинағының шығуына ұйтқы боды. Ғалымдар



үйінде оның “Қара жолға да қарыздар болмаған қыз” атты шығармашылық кешін өткізіп берді. Оның екінші кітабына да қарайласпақ.

Атқарылған мұндай шаруаларға масаттанып көрмеген Жәкең жалықпай ізденуден, кәсібiнiң қыр-сырын аша түсуден, бiлiмiн кемелдендiруден бiр сәтке жалыққан емес. Ол 2004-2007 жылдар аралығында қытайлық академик ұстазы Сунның жетекшiлiгiнде Шығыс-Тибет медицинасы бойынша докторлық диссертациясын сәттi қорғап шықты.

Расында медицина мамандығының өзi аса кiрпияз, талғампаздықпен қонатын кие. Жәкеңнiң бұл мамандыққа жақындығы мектеп қабырғасында жүрiп белгi берген. Кластастары жараланып қалса, мақта, жүн күйдiрiп басып, немесе, құрғақ, майда топырақты басу арқылы қанын тоқтатып, таңып беруге бейiм болыпты.

Жәкең қолы босай қалған шақтарында құбылтып баян тартып, әуелетiп ән салатын. Өнерге деген мұндай қызығушылық әкесiнiң тiкелей ықпалынан болған. Мектеп қабырғасында жүрiп, өнерлi оқушы атанды.

Сол жылдары Шың жаң көркемөнер институтының ұйымдастырумен Тарбағатай аймағы бойынша өнерлi балалардың арасында iрiктеу өткiзiп, олардан озып шыққанын жоғары оқу орынға емтихансыз қабылдайтын болды. Шарипа апай да баласы Жасанның өнерiне сенiп, осы жарысқа жетектеп апарды. Жаратқан силаған дауысы бар бала



Жасанның осы додадан озып шығарына ана жүрегі еш күмән келтірмеген болатын. Алайда, бұл дүние ана мен баланың көңіліндей тазалықтан тұрмайтын еді. Бәсеке бар жерде бақталастық, көре алмастық деген жаман қасиеттер де жон көрсетіп қалуы заңдылық. Бұл жолы да солай болды. Дарыны Жасаннан төмен бола тұрып, бір шендінің еркесі жүлделі болып шыға келді. Қызыққа толы балалық шағын есіне алған Жәкең: “Тағдыр мені сол сәттен бастап дәрігер болуға дайындаған сияқты. Ол кезде кішкентаймын, болашақ кім болатынымды ойламайтынмын. Бірақ, Алла Тағала менің қолыма микрофон ұстаған әнші емес, қандауыр немесе алтын ине ұстаған дәрігер болуымды дұрыс көрген сияқты” – деп, күліп қояды.

Жасан білікті дәрігер ғана емес, нағыз қазақ. Шешіліп бір сөйлесе, әңгімені қиялап турап, қызықтырып, тартымды қылып айтады. Оның аузынан медицина ғылымы жайлы әңгіменің өзі нәрленіп, әрленіп шығады. Қарапайым әңгімелерінің арқауын өз кәсібінен бастап ширатқанда, қызыға тыңдайсың. Әсіресе, Шығыс-Тибет медицинасы мен дәстүрлі медицина арасындағы айырмашылықтар туралы тайға таңба басқандай етіп сөйлейді.

-Ағасы, Шығыс-Тибет медицинасы делінсе болғаны, ел мұны Қытайдың ұлттық емдеу тәсілі деп түсінеді. Бұл жаңсақ ұғым. Өйткені, Шығыс-Тибет медицинасы бүкіл Азия халықтарына ортақ ғылыми жетістік. Ине қоюдың пайда болғанына 3000 жыл болды деген болжам бар. Ал қазақтар ине болмаса да



бел, тізе ауырғанда нүктелерді сүйек ұшымен, күміс қасықтың сабымен, қолымен сұққылап, түйгіштеп, уқалап емдеген. Бастан қан алу, лоңқа төңкеру, құйрық маймен сылау, май орамал басу, оташылық тамыр ұстау сияқты көптеген емдеу әдістері бар. Бабаларымыз қолданған мұндай емдеу тәсілдері Шығыс-Тибет медицинасында да бар. Демек, біздің бабаларымыз да шығыс медицинасын меңгерген және оған өз үлесін қосқан. Бұл медицинаның ерекшелігі – пышақсыз-ақ ауруды жаза алатындығы, адамның 12 мүшесін, 860 тамырын бір жүйеге байлап, сол арқылы емдей алатындығы. Сонымен бірге адам денесінде 12 жұп жан қан каналы (меридиан), оны өзара ұштастырып бір – біріне бойлаған 700-ге жуық нүкте болса, сол нүктелердің ішкі ағзалармен тығыз байланыста екеніне көз жеткізіп, нүктелерге ине қою арқылы ояту. Мәселен, ішкі жүйелердің бірінен ауру байқалса, жүректің қағысының ритмі бұзылады. Оған бола операция жасамайсыз, тек сол қолының шынтақ бөлігіндегі кішкентай нүктеге ине қойсаңыз болғаны. Жүректің қағу ритмін басқарып отырған нүктеңіз – осы. Осы негізінде Шығыс-Тибет медицинасы қалыптасты. Бұл олардың ұлттық құндылықтарының бір бөлегі ретінде әспеттеледі. Алтын ине қою, ине түбін он сегіз түрлі дәрілік шөп қосындыларымен күйдіру, лоңқа (банкі) төңкеру, массаж жасау – тибеттік – қытай медицинасының бір саласы ғана.

Ал, алтын иненің сексен пайызы күмістен, жи-



ырма пайызы алтыннан құралған. Халық оның емдік қасиетіне қарай “күміс ине” деуге қимай “алтын ине” деп атап кеткен. Қытайдағы қандастарымыз “кұрғақ ине” деп те атайды. Біз сөз етіп отырған Шығыс-Тибет медицинасын игерудің негізі – адам анатомиясын қанық білумен бірге медициналық-теориялық әрі тәжірибелік білім-білікке ие болу. Сонда ғана негіздік тәжірибеге сүйене отырып тамыр ұстауға, дұрыс диагноз қою талабына жақындауға болады. Мен бұл ғылыммен айналысып зерттей бастағаным жиырма жылдан асты. Қазір біздің орталық жүйке-жүйесі, жүрек қан тамырлары, асқазан-ішек, несеп-жыныс, гинекологиялық, буын, тыныс алу, тері, көз, эндокринологиялық деп аталатын ауруларды топтастырып қойды. Осы топтарға кіретін аурулармен қатар есту қабілетінің төмендеуі, темекі мен ішімдікке салыну, шаш түсу, бала көтермеу сияқты ауру түрлерін емдеп жазады.

“Бір адам – бір роман” деп тегін айтылмаған. Демек, бір адамды түсіну үшін, оның романға бергісіз ғұмырын парақтап ашып, егжей-тегжейлі оқып, тереңінен сырласу керек. Сонда ғана өзін қарастырған кейіпкеріңнің жан-дүниесін жақыннан тани аласың. Ал, дөп басып тану үшін сол романға немес сол адамға деген асқан қызығушылық болу керек. Сол сияқты, мен Жәкең туралы қалам тербеуіме оның сан қырлы өмір соқпақтары мен өзін халқына арнаған тынымсыз еңбек жолы себеп болды.

Бір сәті түскенде “Жас-Ай” медициналық



орталығына ат басын бұрдым. Екі қабатты, көп бөлмелі орталықта нөмірлері бойынша кезекте тұрған қалың науқас адамдарға көзім түсті. Дәрігерлер мен мейірбикелер абыр-сабыр. Жәкең алдына келген науқастардың тамырын ұстап, ала келген диагноздарына көз жүгірте отырып, науқасы жайлы тәптіштеп сұрайды.

Жәкең науқастар ұсынған басқа емханалардың диагноздарына зер салса, енді бірде олардың тамырларын ұстай отырып, ауру белгілерін тәптіштеп сұрайды. Кейбірін палаталарына қабылдаса, біреулерін өзі көрсеткен аппараттарға түсіп келуін ұйғарып жатты... Ем алу бөлмелері рахаттана ине қойғызып, массаж жасатып жатқан ақсақалдар мен ақсамай аналарға, азаматтар мен қыз-келіншектерге толы.

Екінші қабаттың қабырғаларына ел президенті Н.Ә.Назарбаевтың, басқа да тұлғалардың, түрлі министрліктер мен лауазымды ұжымдардың, шетелдегі кейбір ғылым салаларының Жәкең арнаған алғыс хаттары мен сыйлық грамоталары, естеліктері ретті ілініпті. Оның осыншама құнды әрі көп марапаттарға ие болғанына қайран қалдым.

Тағы бір әңгіме кезегінде:

-Жәке, “Шығыс-Тибет шипагері – Жасан Зекейұлы” атты кітабында ауруды емдеу мен ана тілін байланыстырып айтқан “Деннің саулығы тілдің саулығынан басталады” деген ұйқасты да тұжырымды, терең философиялық ойға құрылған



мақалаңызды оқыдым. Сол туралы айтып берсеңіз, – деп едім, әңгіме тізгінін ағытып жіберді.

– Бөке аға, әр адам қандай кәсіппен айналысса да өзінің бас пайдасынан бөлек, ұлы мұратын ұмытпау керек. Бүгінгі қазақтардың ұлы мұраты ұлттық рухымыз бен ана тіліміз. Әр маман иесі өз кәсібінде ана тілін қолдана білсе, бүгінгідей тіл мәселесі болмаған болар еді. Күллі қазақтың жүрегіне байланған түйіншек өздігінен шешілген болар еді. Әттең, қазір айғайға басатындар көп болғанмен, мәселенің шешімін табатындар аз болып тұр. Менің жаныма бататыны да осы. Кітабымда жазылған ол әңгіме де осындай жүрек қыжылынан шыққан ғой. Бір жолы екі қыз емделуге келді. Түріне қарасаң, кәдімгі қара көз қарындасымыз. Өкініштісі, сол қарындасымыз есіктен кіре салып “Здравствуйте” деп, амандасты. Өз жерінде, өз елінде тұрып, бастысы өзі қазақ бола тұрып, ол аз болғандай, менің қазақ екенімді көре тұрып, тілін орысша сындырғандарына қарап, намыстанып кеттім. Сәлемін алмай, беттеріне тура қарап тұрып «Қазақ тілінде амандасып кіріп, қазақша сөйлемесеңдер, менің емім қонбайды, дәрім жұқпайды», – дедім, жасқанған жанарларынан көз алмай. Бұдан бұрын мұндай соққы алып көрмегеннен бе, әлде, ешкім бұлай талап қойып көрмегеннен бе, қысылып қалды. Тілі шұбар болғанмен ділі түзу, ұяты бар қыздар екені көрініп тұрды. Бұдан әрі қинауды дұрыс көрмедім де, ағалық ақылымды айта отырып, жұмысыма кірістім. Олардың айтқаныма



қарсы шықпай, ұялып, мойындағаны үшін қуандым. Ең қызығы, арада біраз күн өткеннен соң, әлгі қарындастарым «Ағай, саламатсыз ба?» деп, келіп тұр. Міне, деннің саулығы мен тілдің саулығын осылай ұштастырған кезім болды.

Бірақ, екі қазақтың қазақша сөйлеуімен, тіл мәселесі шешіліп кетпейді. Ол үшін үлкен еңбек, ұзақ уақыт керек. Бір нәрсені түсінуіміз керек. Қазақтың тілін қазақша сөйлету тек қазақтың ғана қолынан келеді. Бұл жағын қызметкерлеріме үнемі ескертіп отырамын. Медициналық орталығымдағы дәрігерлер мен мейірбикелердің барлығы қазақ тілінде сөйлейді. Біздің емханаға келіп, біраз уақыт емделіп қайтқан орыс тілді қазақтардың көбісі қазақша қоштасып кетіп жатады. Дегенмен, таза қазақ болу үшін тіліміздің қазақша сайрауы жеткіліксіз. Қазақ деген мінезі – жайсаң, көңілі – дарқан, жүрегі – жұмсақ, текті халық. Заман қанша құбылғанмен біз қазақ болып қалуымыз керек. Менің дәрігерлерге де, науқастарға да, отбасыма да, жалпы, маңайымдағыларға қоятын жалғыз талабым осы.

Рас, бәрі ойдағыдай бола бермейді. Қиыншылық бар, күрес керек. Қазақстандағы медициналық атаудың 60-70 пайызы орысша, ағылшынша. Бұл саланы 90 пайыз қазақша сөйлетуге ғалымдарымыздың қауқары жеткілікті. Өкініштісі, бұған күйінетіндер аз. Тіліміздің мүсәпірлігіне намысың қара қазандай қайнайды. Қазақ тілі қаншалықты бай тіл екенін жақсы білеміз. Бірақ, соны дәлелдеуге тырыспаймыз.



Тіліміз шұбарланғаннан кейін, қазақы қасиетіміздің көбінен айырыламыз.

Кеше қазақтарда келіннің бетіне тура қарамайтын аталар, баласының алдында албаты сөз айтпайтын аналар болды. Бүгінгі қазақтан ұят кетті. Атасы мен немересі, енесі мен келін араласып отырып сұрықсыз сериалдар мен ұятсыз киноларды көреді. Ал, ондағы тілдердің де қазаққа тән майы тамып тұрғандары шамалы. Көп сандысы орысша, қазақшасы қарныңды аштырады.

Дәрігерлік саласындағы тіл мен қазақи мәдениетімізді қалыптастыру кезек күттірмейтін шаруа. Тілдегі надандық – ұлт мүгедектігі. Яссауидың: “Надандық – емі жоқ дерт” деген сөзі орнын тауып-ақ тұр. Салауатты өмір салтын қалыптастырудың өзі деннің саулығы мен тілдің саулығы болмақ. Бірі – жан болса, бірі – ұлт бөгенайы. Біздің үш жылдан бері шығара бастаған “Жас-Ай” республикалық медициналық ақпараттық журналымыз елге де, тілге де өз септігін тигізіп келеді. Қазақша ақпарат беру жағынан орны ойсырап тұрған ақтаңдақтың орнын толтырып жатырмыз десек артық айтқан болмаспыз.

Өз ұлты мен кәсібіне адал болып, қазақтық арына кір түсірмеген Жәкеңнің ақтарылып айтқан әңгімесін естіп отырып, “осындай асыл азamatтар көп болса ғой ” деп, ойға шомдым. Шынында, Жәкең наркескен намыстың, нағыз еңбектің адамы. “Жас-Ай” медициналық орталығының бүгінгідей күнге жетуі Жәкеңнің ұлты мен кәсібіне деген жанкештілігінің



арқасы. Қазірде, жар құлағы жастыққа тимей жүр. Төрт қабаттан тұратын аурухананың құрылысын бастап кеткен. Халықтың емделуге, жатын-орынға деген сұранысын қанағаттандыру үшін банктердің есігін тоздырып, қарызданып салып жатқан құрылысының көлденең жұмысы да шаш етекпен. Бір анығы, Жәкеңді жұмыс шаршата алмайды. Ол күйсе, қазақтың жағдайы үшін күйеді.

Жәкеңнің бойында бабалары Еркөкше, Ерқосай, Баян батырлар сияқты елге деген өрттей махаббат, жерге деген сүйіспеншілік бар. Ұлтын шын сүйетін азамат еліне езуінен енші береді. Жәкең, бұл күндері дәрігерлер мен мейірбикелерден, күзет, жүргізуші, тазалықшы жастардан 70-ке жуық адамды кәсіптендірді. Ортақ еңбек ақыларын да 60 мың теңгеге шығарған. Оның бұл толағай еңбегі “оралмандар ешқандай үлес қосқан жоқ” деген сөздерге берген жауабы.

Жәкең білімін қазағына арнап келе жатқанына да 23 жылдың жүзі болыпты. Осы барыста ол білімімен бірге психологияның да жүйірігіне айналды. Адамдармен қарым-қатынас жасау, мінез-құлқын игеру, тіл табысу, жағымды өнеге қалдыру жақтарынан да толысты делік. Ал, аяулы жан жары болса білімді ұстаз, ақылды ана, Жәкеңнің табыс талғары самғауының рухани жебеушісі, балаларының мінезді, көреген, өнегелі тәрбиешісі.

Жәкең мен Гүлияның алдында қазақы қасиеттерді бойларына сіңіріп өскен ұрпақ көргенді,



тәртіпті, зерделі, сұңғыла болып ержетпеуі мүмкін емес шығар. Үстіміздегі жылдың 20-24 ақпан аралығында өткен республика бойынша мектептерден сараланған 17 мың оқушы қатысқан ғылыми жобалар байқауында “Дарын грамотасын” жеңіп алып, “Даму жүйесін құру” деген тақырыбы арқылы 1-ші орынды иеленген үлкен қызы Ұлпанның алтын алқасы мен дипломын қолдан-қолға өткізіп “бәрекелді, құтты болсын” айтысып бір көтеріліп қалдық. Мен оған мынадай тілек білдірдім:

Білімінді мысқалдап толтыра бер,
Архивіңе бір-бірлеп қондыра бер.
Достарыңа жып-жылы, мейірлі боп,
Күншілдерді көре алмас тоңдыра бер.
Дүлділінді құйғытып биіктерге,
Шаңға көміп шабанды қалдыра бер!

Маңдайы жарқырап бәйгеден келген қызымызға сүйсіне қарадық. Орынбек Жәутіков атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп интернатының 11-ші сынып түлегі екен. Ал, Ақмарал, Баян, Нұрсұлтаннар да белді мектептерде оқып жүр.

Мақаламның басында айтылғандай, Жәкеңнің Алматы қалалық мәслихатқа үміткер ретінде сайлауға түспек. Үгіт-насихат жұмыстары қарқынды жүріп жатты. Желтоқсанның 28-і күні түсте Жәкеңнің Алатау ауданына қарасты Ұлжан ауылының мектеп залында бұқарамен кездесуі өтіп жатты. Жәкең



көп жиналған қауым алдында бұқараның көңілінен шығатын бағдарламаларын ортаға жайып салды, сұрақтарға жауап берді. Елдің көңілін көтеру үшін дайындалған концерт нөмірлері қойылды. Әншілер тамылжыта ән салса, ақындар өлең оқып тебіrentті, күйшілер сиқырлы күйлерімен тербетті. Қауым дүркін-дүркін шапалақ соғып, кештің көркін қыздырып отырды. Жәкеңе тілек білдіре тұрып оқыған “Ғалым інім Жасанға” деген өлеңімді оқырман алдына ұсына кеткенді жөн санадым:

Жайылды ыстық құшак, алақаның,
Атажұрт, атқанда алғаш ала таңың.
Арқалап ұлы арманын жетпеп пе еді,
Жасандай сені аңсаған балапаның.

Майлы – Жәйір, Ерентау суын ішкен,
Қайран елі қалды артта туып өскен.
Азамат арнап мұнда дарын, жігер,
Қадады қиындыққа туын деспен.

Көп іздеп миллион гүл, құрақтарды,
Даруын шапты сонан, сұрақтарды.
Игеріп Шығыс – Тибет емшілігін,
Алматы қаласына тұрақтады.

Кездесе кей отаулар табаға тар,
Жас келін күңіренсе балаға зар.
Жасап ем Жасан оған сәби сыйлар,
Сөзіме нанбасаң дос, алдына бар!

Қан өрлеп, сезсең құлақ шуылдарын,
Тізең шор боп, қақсаса буындарың,



Шошыма, Жасанға бар шашың түссе,
Күдер үзіп өмірден суынбағын.

Бел құяң, болса тұзды омыртқалар,
Өт пен бауыр қабынса жорық қалар.
Тамырдан, аспаптардан дертті тауып,
Қуалар киелі ине тобықты алған.

Ауырып жатса жандар шабан – шалаң,
Кім оған мүсіркесіп болар алаң?
Бүк түсіп қалса ардагер кемтар, жалғыз,
Арашаға тек жасар қадам.

Денсаулықтың жолы еді алысқаның,
Әулиелі, қонды бақ, алыстағың.
Ел басының хаты тұр қабырғанда,
АҚШ, Жапон, арнапты алғыстарың.

Мерейің – өз еңбегің – өрлегенің,
Әлемдік сахнаға төрлегенің.
Ғалымдығың даңққа бөлесе де,
Мүмкін бар атағы биік көрмегенің.

Жәкеңнің көл – көсір емдеу нәтижелеріне қанағаттанып, оған жақындай түскен жұрт “жүз пайыз дауыс береміз ” десе, енді бірде қолдарына таратылған парақшалар мен “Шығыс-Тибет шипагері – Жасан Зекейұлы ” деген кітапқа үңіліп, салмақтылары ғана іріктеп жазылған грамота-сыйлықтардың мәтінін оқып таңырқасуда. Көбі мыналарға қызыға көз жүгіртті:

1998 жылдың желтоқсан айында ҚХР



халықаралық инемен емдеу академиясының академигі; 2009 жылы Вена қалалық халықаралық университетінің “құрметті профессоры”; 2010 жылы Ресей халықаралық шығармашылық академиясының академигі; 2010 жылы халықаралық “Сократ” орденінің иегері атанды. 2011 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің алғыс хатымен; 2011 жылы желтоқсан айында “Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 20 жыл” мерекелік медалімен; “Жас-Ай” орталығы құрылғаннан бергі ересен еңбегі үшін “Алтын жүрек” сыйлығымен сыйланды. 2004 жылы Қазақстан халық емшілері қауымдастығының мүшесі, “құрметті мүшесі”, “Өтейбойдақ”, “Гиппократ” медальдарының иегері; 2005 жылы осы қауымдастық атынан “халықты рухани сауықтыру қызметіндегі табысыңыз үшін және дәстүрлі халық медицинасының өркендеуіне қосқан үлесіңіз үшін” құрмет грамотасымен марапатталды; 2006-2009 жылдар тағы осы қауымдастық атынан “халық емшілігін дамытуға қосқан үздік үлесіңіз үшін”, “халық медицинасымен рухани тәрбие қызметіне қосқан жеке үлесіңіз үшін”, “халықтың денсаулығын жақсартудағы емшілік қызметіндегі үздік жетістіктері мен нәтижелері үшін”, “Шығыс-Тибет медицинасының білгір ғалым-дәрігері екеніңізді дәлелдегеніңіз үшін” т.б құрмет грамоталарымен жыл сайын марапатталып тұрды; 2007 жылы халық медицинасы және ғарыштық қуат академиясының мүшесі болып, “халық медицинасы



мен емшілік қызметінің ғылыми жағынан дамуына қосқан жеке үлесіңіз үшін” дипломымен марапатталды; 2007 жылдың 21 желтоқсанында денсаулық сақтау ісіне сіңірген айрықша еңбегі үшін “ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі ” төсбелгісімен марапатталды; ҚР денсаулық сақтау және төтенше жағдайлар жөніндегі министрліктің сондай-ақ көші-қон комиссиясының Алматы қаласы бойынша департаментінің алғыс хаттарымен марапатталды; 2009 жылы Тараз қаласында өткен қазақтың ғалым-емшісі Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы атындағы VI халықаралық конгрессте “ үздік зерттеуші ғалым, емші ” деген даңқты сыйға ие болды.

Жәкеңнің бұқарамен кездесуі ерекше қызғынды болды. Осы қарқынмен кете бергенде ол қалалық мәслихатқа депутат болып сайланып кетуі сөссіз еді. Бір қолымен алтын инесін қойып халықтың денсаулығын қорғаса, бір қолымен саясатқа араласып, қыруар түйткілді мәселелерді шешуге аянбай ат салысар еді. Өкініштісі бұл жолдан Жәкең өзі бас тартыпты. Бұл шаруаның жайын сұрап қоңырау шала қалдым, ол іркілмей қатаңдау тіл қатты:

- Өзіңіз білесіз, Қытайда аяғымнан шалушылар бар еді, ал, мына кездесуіміз кейбір мүдделі адамдар мен топтардың ішін күйдірген тәрізді. Жоқтан өзге пәле-жаланы басыма үймелетіп мазамды ала бастаған соң заңға жүгініп олардың аузын жауып, кешірім сұраттым. Маған халықтың денсаулығы ең маңызды. Сондықтан сайлаудан бас тарттым.



Біз Жәкең үйінде сыр шертісіп отырып өткен-кеткеннің бір талайын екшедік. Ол біздің алдымызда ғана Астанадағы бірер министірліктің қабылдауында болғанын, Астана қаласынан бөлімше орталық ашудың құрылыс салатын жер телімі, академиялық оқыту орталығын ашып, шәкірттер тәрбиелеу ойының құпталғандығын қуанышпен айтты. Сөйтті де қарқылдап бір күліп алып:

-Ауладан қасиетті үкіні көрдім деп жақсылыққа жорыған едіңіз. Соныңыз рас болды. Сайлаудан дер кезінде бас тартқаным да дұрыс болыпты. Халық маған тіпті де жақындай түсті, құлағдар болған науқас адамдардың іздеп келуі еселеп артты. Ойға алған шаруалар ретімен орындалуда. Алла қаласа 2-3 күннен соң Германияға бармақпын. Дүниежүзі бойынша медицина саласына арналған озық аспаптар көрмесі өтпек. Соған шақырту алдым. Мақсатым – қазір қолымызда бар аспаптарды толықтыру, жаңалау, кемелдендіру еді. Оның үстіне, қазіргі адам емдеу кезеңіндегі озық тәжірибелерді үйрену, зер салу, сол арқылы, қазақ еліндегі медицинаның өркендеуіне еселеп үлес қосу.

Бұл күндері не көп, жекелер ашқан емханалар көп. Әрине, көптіктің зияны жоқ. Осыдан бәсеке туындайды. Халық олардың арасынан таңдап, нағыз мамандарына ғана барады. Таза бәсеке болса, шыннайы сапаға қол жеткізеді. Солардың ішінде, Жәкең ашқан “ Жас-Ай” медициналық орталығы өзіндік емдеу ерекшелігімен көзге түскен, сенімге бөленген




орталыққа айналды.

Маңдай тері тамшылап, ғылымның қиясына өрлеген Жәкенді атақ-абыройдың өзі іздеп тапты. Айталық, ол қазір медицина ғылымдарының докторы, профессор, халықаралық шығармашылық академиясының академигі, халықаралық инемен емдеу академиясының академигі, Вена халықаралық университетінің “Құрметті профессоры”, “ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі”, Халықаралық “Сократ” атындағы орденнің иегері, “Жас-Ай” журналының бас редакторы, “Өмірді қорғау” қайырымдылық қорының құрылтайшысы, елуге жуық ғылыми мақаланың, бірнеше медициналық еңбектердің, медициналық екі патенттің иегері. Елімізге танымал басты ақпарат құралдарына 200-ге жуық сұхбаттары жарияланды..

Жәкеннің бүкіл ынта-пейілін Қазақстан халқының денсаулығына арнаған қалтқысыз ізгілігі кім-кімді де толғандырмай, тебіретпей қалмас. Оның Шығыс – Тибет медицинасының құпияға толы құнды әлемін қазақ еліне алып келіп, ұлтының қажетіне жаратуы көлденең көп адамның қолынан келе бермейтін келелі шаруа. Алланың шексіз рахым нұрымен үндесіп, қауышып мәңгі жарқырай бермек Жасан әлемі!

07.03.2012ж



Қазірет БЕРДІХАН

ДӘУІРДІҢ ДӘРУІ





Осынау дөңгелек жердің үсті мен астында адамға керек болмайтын, артық бір нәрсе болсашы, тіпті, жай көзбен көре алмайтын ғарыштағы бөгде планеталарды да қажетімізге жаратқымыз келіп, сыртынан саудалап, ашкөз алақанымызды созамыз да жатамыз. Тоймаймыз... Өзіміз тойғанмен көзіміз тоймайды...

Адам баласының осыншама ашкөздігінің, зәрулігінің, қажеттілігінің құны бір жағдайда ғана жоғалады екен. Ол – жаныңа кенеттен дерт жабысып, ажалмен арпалысып, тар төсекке таңылған кез. Сол сәтте бұрын айырылғың келмейтін бес күндік жалғанның барлық қызығынан баз кешіп, шыбын жаныңды қимай, кеше өзің қадіріне жетпеген жарық дүние – саулықта жүрген әрбір күнің есіңе түсіп-қиналып, күдеріңнің кендір жібінен тістеп айырылмай, бір үмітке байланады екенсің. Деніңнің сау кезінде тойып болмайтын дүниенің бар байлығын сол үмітті сыйлайтын дәрігердің саусағына садаға етуден аянбайсың...

Сондықтан, егер бұл өмірдегі пендеге қажетті барлық керек-жарақты таразының бір басына, ал, шипаға тікелей себепкер дәрігердің ақ халатын екінші басына қойса, әлбетте, болмысы дертсіз кез келген екі аяқты пенде ойланып қалар еді де, сырқат қысып, ем іздеген бейбақ еш ойланбастан ақ халат жағын таңдайтын еді...

Затында, отанды қорғау, ұлтты сүю, тілді өшірмеу,



дінді сақтау - әр адамның арқалауға тиісті, әрі, шын берілсе, жанын құрбан ететін қасиетті борышы саналса, енді ажалға араша түсу – әркімнің маңдайына жазылмаған, еншісіне бұйырмаған әрі нәзік, әрі жауапты, әрі абыройлы борыш. Мұндай салмағы мыңбатпан борышты қанша ниеттенгенімен, жанын салып, барын бағыштап баққанымен қарапайым кәсіп иесі еш атқара алмайды.

Адамзатқа ең ұлы қуанышты сыйлайтын шексіз бақыт - тек дәрігердің ғана пешенесіне жазылған. «Бақыт» дейміз-ау, тәтті жемістің өзі қатты ағашқа өспей ме? Мұндай үлкен бақыт, ең бірінші, даланың дара туған перзенттері мен елдің текті туған ұлдарына қонатын сияқты.

Нағыз бақыт - еңбексіз келмейді. Міне, осылай маңдайына тәңірдің талғампаз сыйы жазылып, халықтың қажетіне жарап, ұлтының мақтанышына айналған ардақты азаматтың бірі, даңқты дәрігер, Халықаралық инемен емдеу академиясының академигі, Вена Халықаралық университетінің «Құрметті профессоры», медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик Жасан Зекейұлы.

...Академик Жасан Зекейұлының өзі іргетасын қалап, шаңырағын көтерген «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медицина орталығынан табылатынын білсем де, ол кісінің қарбалас уақытының бір ыңғайын таба алмай жүрдім.

Жақаң әрбір күн сайын елу-алпысқа жуық емделушілердің сырқаттарына – ем, жандарына –



шипа табады. Көсіле сөйлеп, әңгіме-дүкен құруға артық минуты жоқ. Қабылдау бөлмесінің алдындағы тым алыс ауылдар мен шет елдерден үміттерін үкілеп келген жандардың жәудіреген жанарларын көргенде, Жақаң кім-кіммен де кездесуін кейінге қалдыра береді...

Ұзын-сонар кезек күнұзақ үзілмейді. Ә дегенде, пендешілікпен «бәлкім, дәрігер алдындағы бірнеше апта бұрын жазылып қойған кезектен бір ебін тауып өтіп кетермін» деген пиғылым - шыбын жанына шипа іздегендердің ұзын тізбегіне тірелгенде, су сепкендей басылды.

Дүниенің түкпір-түкпірінен ат арытып, тон тоздырып келгендер, негізінен, басқа барар жер, алар емі қалмай, Жақаңның алтын инесі мен дуалы алақанын аңсап жеткен жандар екен. Олардың кезегін бұзбақ түгілі, өз кезегінді ұсынып: «Тезірек сауығып кетіңізші» дегің келеді.

Өйткені, Жасанды іздеп келгендер жеңіл-желпі дертпен емес, ауруы әбден асқынып, дәстүрлі медицинадан үміті үзілгендер көрінеді. Оларға қарап, денсаулықтың қаншалықты қымбат екенін сау күніңнен мың есе артық ұғынып, тәубенді үйіресің...

...Екі жеті бұрын уағдаласып қойған уақытымнан ертерек баруды ойлап, Алматының ең әсем кеңқолтық тораптарының бірі, халық арасында «Президент проспектісі» аталып кеткен Әл-Фараби даңғылына бет алдым. Шілденің жаймашуақ күні Алатаудың шығыс сілемдерінен көтеріліп, мейірімді



шапағатын мейлінше мол төгуге ыңғайланып келеді. Тау шатқалынан үзіліп жеткен жұмсақ, қанжылым самал баяу еседі.

Алматының ауасы мол жоғарғы жағына орналасқан Жақаңның емдеу ғимараты ел егемендігінің айқын айғағындай екі жағалауына судай жаңа, еңселі, зәулім, заманауи үйлер түскен жайсаң жерде.

Ішімнен: «Кешегі кеңестің қаңсығы сезілмейтін, таңбасы байқалмайтын бірден бір көше осы болса керек. Арқаның асқақ төрінен Астана салған қазақтың қолынан бәрі де келеді!» - деп, жігерленіп қоямын. Даланың көркем табиғаты мен қаланың салтанатты сарайлары құп жарасып, өзгеше сәнденген Алматының кербез-көркіне батыстағы Вашингтон мен Париждің, шығыстағы Пекин мен Токионың, солтүстіктегі Мәскеу мен Киевтің бәрі жабылса да жете алмас еді, мен үшін. Алматым-Жетісуым –жер жәннәті ғой, әсте ешкімге айырбастамаспын...

Ой жетегінде «Жас-ай» Шығыс-Тибет медицина орталығына да жетіппін. Қазір халық арасында гуілдеген «Алтын иненің» құдіреті, сірә, тегін емес, екі қабатты ғимараттың алды әр облыстан жеткен темір тұлпарларға толып қалыпты. Небәрі екі қабаттан, он бес бөлмеден тұратын бұл орталық көлемі жағынан қайсыбір бай-шонжарлардың «Алтын шеңбер» белдігінде тұратын еркеототай тоқалдарының сарай-үйлерімен салыстыруға да келмейді.



Бірақ... Бірақ, мұнда қаншама адамның өмірге деген үміттері ақталып, қаншама отбасылар сәбилердің күлкісіне бөленіп жатыр. Үш қабатты үй салып, ішінде тұқымы түрленген төрт ит пен үш мысық ұстайтын жуан қарын байлар мұндай сауапты қайдан білсін?!.

Құт-мекендей киелі орталықта жаңа туған сәбиден бастап, таяқ ұстаған қарияға дейінгі әралуан жас шамасындағы адамдардың барлығы кездеседі. Әркімнің сырқаты әртүрлі. Бірақ, барлығына керегі бір-ақ нәрсе – бір жанының шипасы. Бәрі де Жасан дәрігерге тезірек жеткісі келеді.

Жүрегі жайсаң, білімі шалқар, сезімі айрықша, қабілеті артық, қолы шипалы, қысқасы, инемен емдеу ісінің біртуар білгіріне жан азабын ақтарыла айтып, армансыз сырласып, ерекше ем-домының құдіретімен құлан-таза айықсам дейді.

Атын естігенімен, затын көрмеген «Алтын ине» дейтін Жақаңның қолында белгісіз бір құпиялы сиқыр-қасиетке ие болатындай науқастың қай-қайсысы да Жасанның білімі мен білгірлігіне құлай сеніп, инелердің көбірек қойылуын құп көреді.

Мыңдаған мүгедек жандарды арба мен балдақтың байлауынан босатып, мыңдаған адамдардың жанарларына жан бітіріп, жарық дүниені көру бақытын қайта силап, мыңдаған отбасыларды сәби күлкісіне шомылдырған Жақаңның алған алғыстарын санап тауысу мүмкін емес-ау...

Кіреберістегі үстел үстінде тұрған «Алғыстар



мен пікірлер» кітапшасы халықтың сол риясыз көңілінің куәсіндей. Кітапшаның әр парағы әр адамның тағдырынан тылсым сыр шертеді. Тіпті, айықпас дертпен үмітінің соңғы шырағын әзер үрлеп жетіп, құдіреттің демеуімен, дәрігердің дәнекерлігімен шипа қонып, сенімінің жалынын лаулатқан сырқаттардың Жасан Зекейұлына деген шексіз алғысы, жүрек сөзі жазылған. Кітапты оқыған адам бұл жазбалардың қаламның сиясымен емес, адамның қуаныш жасымен жазылғанын байқайды...

Рас, өмір мен өлім бір Құдайдың қолында. Дәрігер - себепші ғана. Дегенмен, адами көзқарас пен дәрігерлік әдеп жағынан академик Жасан бастаған орталық өзгелерден көшілгері. Дәрігерлер мен мейірбикелердің қай-қайсысы да кішіпейіл. Ақ халат киіп, айдында жүзген аққулардай әдемі әсерге бөлеген қазақ қыздарының жүздерінде өз кәсібіне деген адалдық байқалып, адамға деген мейірім-нұры ойнайды.

Сіркесі су көтермей науқасы қысып, иығындағы көйлегін әзер көтерген емделушілерге кейбір ауруханаларда жекіп сөйлеп, онсыз да жарымжан көңілдеріне қаяу түсіріп жатса, «Жас-ай»-да жағдай мүлдем керісінше, дәрігерлер әрбір сырқатты жылы қабақпен қабылдап, қалтқысыз қызмет көрсетіп, зыр жүгіреді.

«Төбесіне қарап – тұмағын, төресіне қарап – тұрағын таны» дейтін қазақтың пайымына салсақ, Жасан Зекейұлы талантты дәрігер ғана емес, талап-



ты басшы да. «Шынайы дәрігер халықтың нанынан бұрын, қамын көбірек жеуге тиіс» – дейтін Жақан тектес басшылар бүгінде саусақпен санарлық.

...Мен орталықтың табалдырығын аттаған күні түс мезгіліне дейін Жақан 45 науқас қабылдап, сұқбат құрып үлгерді. Бір қарағанда, адам айтса сенгізсіз жылдамдық. Мұндай санның – сапасы қандай екен?..

Менің байқап-бағамдауымша, Жасан Зекейұлының қабылдауына түнеріп кіргендердің түгелі – күлімдеп шығып, қарымдай қадамдап бара жатты...

Яғни, шығыс шипагерлігінің төресі саналатын «Тамырдың 80 түрлі соғысы арқылы ауруды анықтау» әдісінің саңлағы Жақанның ә дегеннен дертті жаңылмай тауып, дереу ем-домын анықтап, іркіліссіз іске кірісуі – емделушінің есін жидырып, етегін жинатып, ертеңіне еріксіз еміндіре білді.

Жақанның білікті болжамдарының – батыстың ең озық, ең соңғы үлгідегі аппараттарының анықтамаларымен дәлме-дәл сәйкес келгендігін көргенде, данышпан Абайдың: «Ықылас қойған адамға, қиын іс жоқ жәһанда» дегені есіңе түсіп, еріксіз таң қаласың...

Орталық дәлізін лықа толтырып, ішектей созылған кезектің соңын ала бере: «Көп күтіп қалдыңыз ба?» – деп, жарасымды, жылы жымыып, маған қарсы келе жатқан келісті пішін, кең маңдай, аққұба өңді, келбетті жігіт ағасының Жасан аға екендігін жазбай таныдым.



Әрине, дәрушінің бейнегі оңай емес, Жақанның қызылшырайлы жүзіннен аздап шаршаңқылық байқалады. Шаршамай қайтсін, бір мезгілде қырық бес адамның жанына үңіліп, жарасын анықтау былай тұрсын, осыншама қилы-қилы адамдармен жәй ғана танысып-тілдесудің өзі – жеңіл шаруа емес қой.

Жәй адам мұндай қысымға төзбес еді. Ал, «Жасан Зекейұлының бойындағы темірдей төзім қалай пайда болды? Осыншама ауыр жүкті көтерген жүректің шыдамы қандай?» – деп сұрай қалсаңыз, Жақан: «Еліме деген перзенттік борышым мен шексіз-шалқар сүйіспеншіліктің арқасы!» деп, жауап берген болар еді.

Бір көргеннен қарапайым сөйлеп, шешіле шүйіркелесіп кеткен Жақаңа қарап тұрып, бір сәт менің көз алдымда атақты академик, халықаралық дәрежедегі профессор, ұлағатты ғалым, үлкен орталықтың білдей президенті емес, кең далада қолына қара кетпенін алып, ертелі-кеш сорғалата терін төгіп, күн еңкейе егістіктен шаршап-шалдығып қайтқан қарапайым шаруа тұрғандай сезілді. Рас-ау, «Ұлылықтың өзі – қарапайымдылықта» дегенді қазақ қалайша тауып айтқан?!.

Әйтпесе, екі қолын қалтасынан алмай, кеудесіне нан пісіп, кекіргенде көйлегі қақырап кете жаздайтын қайсыбір көкелерімізді талай көріп-жерідік те, жиіркендік те. Сондықтан, жер басып жүрген қарапайымдылыққа қарап әрі таңдандық, әрі таңырқадық, әрі тамсандық...



Жасан ағам жарқырай күліп, мені құдды бір күнде көріп жүрген өзімнің ауылдағы ағаларымның бірі сияқтанып, қолтығымнан жетелеп, кабинетіне бастады.

- «Ал, жас батырым, шәй ішіп отырып, сөйлесейік, - деді, шай толы кесесін ұсынып жатып, - Маған келген әр адамның, мейлі ол емделуші, мейлі қонақ болсын, денсаулығына бір пайдам тисе екен, деп ойлаймын. Мына шәйдің да адам ағзасына оң әсері көп. Тартынбай ішіп отыр».

«Жасым үлкен, атағым бар», деп шалқая қалған Жақаң жоқ. Даладай дархан пейілімен, баладай аңқылдақ көңілімен кәсіле сөйлеп, көл-көсір ақтарылып отыр.

Білгені көп, түйгені мол атаулы академиктің арыдан бастап, тереңнен толғайтын салауатты толғам, салмақты әңгімесіне етене еніп, еркін араласа алмай, тәрбиелі тыңдаушы болуыма тура келді...

– Маған ат басын тіреген сырқаттардың тең жартысына жуығы өзіңдей қылшылдаған жастар. Ең өкініштісі, бар ғұмыры алдында көрінген өрімдей жігіттердің дені атаукере-арақты қымыздай сіміріп, темекінің улы түтінін таза ауадай еркін сіміре-жұтқандарының кесірінен жасына жетпей олардың асқазан-ішек жолдары қатты қабынып, өкпе-бауырларына зардапты зақым келеді. Қыздарымыздың жағдайы мүлдем мүшкіл. Ұят та болса, айтайын: тәрбие-тәлімі кемшін, сана-сезімі



шолақ, бақылауы жеткіліксіз кейбір қыздарымыз қалаға табан іліктіріп, жағасы жайлауда, көйлегі борбайда қалып, күндіз-түні тынымсыз көше кезеді. Қыстың көзі қырауда, батыстың бәлдір-батпағына есінен танып, ессіз еліктеген қарындастарымыз сән қуып, кіндігін жалаңаштап, ашып тастайды. Басынан, кіндігінен, аяғынан ызғарлы суық сіресіп-сіңген қыздар, сөйтіп, болашақта ана болудан қалады. Кейбірі бала тапқан күннің өзінде сәбиі жарымжан, әлсіз болып туылады. Балаларын уыз-сүтіне жарыта алмаған жас аналарымыз қаншама! Осының бәрі теріс тәрбиенің, осал бақылаудың, таяз сананың, қамсыз қоғамның көрінісі...

Бұрын «жүрек талмасы» сырқаты қарттарымызға ғана тән сырқат еді, қазір жастардың арасында дендеп барады. Қаламызда, мәселен, күн сайын 10-12 адам осы ауру түрімен тіркелсе, шамамен, олардың үшеуі бақилық болып жатады.

Ал, тепсе темір үзетін атпал азаматтарымыздың аяғынан жүре алмай, белінен тұра алмай жатқанын көргенде, жүрегің езіліп кетеді. Қайран, дүние-ай, күні кеше еркек қойдың жілігін бір бұрағаннан күлпәрше етіп, сындыратын бабаларымыздың сүйегі қандай асыл еді!

Баласын дәретсіз емізбеген аяулы аналарымыз қандай текті еді! Ғасырлар бойы сайын даласының серкесі де, еркесі де болып, еркін тыныстаған қазақтың сол асыл қанын бүгін бұзып алдық...» – деп, бірсәт үнсіз қалған Жасан ағамыздың жасаурағандай



көрінген мұңлы жанарынан адуынды ақын Сабыр Адайдың: «Әр қазақ – менің жалғызым!» деген, дауыл оятып, боран тудырар отты өлең жолдарын оқығандай болдым...

Жас тығылып, жасын сезінген жанарлардан – тәулігіне талай емделушіні қабылдап, тасы өрге домалаған табысты адамның қуанышы емес, өзі де сырқаттарымен бірге сары уайым кешіп, сарқылған жанның жан күйзелісін сезіндім. Сол сәтте санамда: «Сірә, Жақандай жан-тәнімен жұмысын атқарып, науқастың нанымымен біте қайнасқан нағыз емшінің жүрегі – болмысынан бөлек жаратылған, сезімге толып, сенімі асып-төгілген, қаңтардың кіршіксіз ақ қарындай мейлінше таза, мейлінше пәк жүрек болар» - деген ой жарқ етті. Шындығында, мұндай мағынасы терең, маңызы мықым сөздер туған ұлтына деген ұлы рухтан тамыр тартқан үлкен жүректен ғана шығады...

Қарамағындағы халыққа айбарын төкпей, ақылын асырған Жасан Зекейұлы: «Бұл өмірде адамға керек болмайтын өнер жоқ. Қолыңнан келсе барлығын оқып-үйрен. Мысалы, мен физикпін – әдебиетті түсінбеймін немесе мен математикпін – өлеңді ұқпаймын деу, таяздықтың белгісі.

Айталық, Әбу-Насыр әл-Фараби бабамыз ұлы пәлсапа-ойшыл, атақты астроном, нотаны еркін меңгерген мықты музыкант, дарынды дәрігер болуымен қатар, математика мен геометрияның негізін қалаған ғаламат ғалым болған.



Кәсібіміз кім болса да, ныспымыз қазақ. Ал, қазақ өнерге, өлеңге, сөзге асқан шебер, табиғи талантты ұлт. Сол қасиетімізді жоғалтпауымыз керек...»

Осы сәтте Жақаң шабыты қысып, дарыны шалқыған арқалы ақындарша екпіндеп сөйлейді. «Тарланның тегіне тартатыны» шындық екен, Қытайда беріліп, барынша дәріптелген күллі атақ-мансаптарын мансұқ етіп, қазақ елі егемендігінің ауыр жылдарында ата-бабасының топырағына табан тіреп, тәуелсіздікті баянды етудің ең жауапты, ең азапты жылдарындағы қиын-қыстау күндерді жұртымен бірге кешкен Жасан Зекейұлының талайым тағдыры – ұрпақтарға үлгі-өнеге боларлық ұлағатты ғұмыр.

Тарих төріне көшін жығып, уығын қадайтын тұлғалардың тағдырларының тым тарпаң, жазмыштарының тым бұралаң келетіні бар. Әлде, тағдырдың қиындығы мен таланттың асқақтығы – бірін-бірі қайрап, бірін-бірі шынайы шындаған, өткірлігі өңменіңді тесетін қайқы қылыш пен қайыс қайрақ па?!. Жақаңның тар жол, тайғақ кешулерден өткен өнегелі өмірі – сол қылыш-талант қайрап, қайрақ-тағдыр шындаған өткірдің жүзі емес пе?!

Жау жағадан алып, бөрі етекпен шалған; елден ес кетіп, ерден сес қайтқан қилы заманда ойранды орыс пен кесепат қытайдың өздігінен кесіп-пішіп сыза салған шекарасының қарсы жағында қапыда қалып қойған қалың қазақтың бірі Жасан Зекейұлы еді. Байсал тілекті, жайсаң жүректі Жақаңның дүние



есігін ашқан өлкесі де тегін топырақ емес-ті. Оңай шағылар жаңғаққа жатпайтын Жасан ағамыз сонау есте жоқ ескі дәуірлерде садақ оғындай жылдам ержүрек сақтарды бастап, қара қытайдың 100 мың қолын қапелімде қырып тастаған Мөде Қағанның ат ойнатқан тарпаң даласында, айдарынан жел ескен үйсін ордасының түтіні түзу ұшқан киелі топырағында, Тарбағатай тауының күнгей бөктеріндегі қасиетті Қарағайбастаудың жайдарман жағасында 1967 жылы өмірге келді.

Жасан Зекейұлының бүгінгідей ел таныған азамат, қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтерілген тәлімді тұлға, толымды ғалым болуының қайнар көзі туып-өскен қара шаңырағында, яки, әлдилеген анасының жұмсақ алақаны мен ардақтаған әкесінің талапшыл тәрбиесінде жатыр.

Қазақтың бағына Жасандай қолы қуатты дәрігерді, санасы терең ғалым силаған қадірлі әке Зекейдің де бөлекше болмысы, дара дарыны ел аузында айтылып келеді. Зекей әкей он бес жасында қалың қазақтың арасынан топ жарып, Үрімжідегі университетке оқуға түседі. Өткен ғасырдың елуінші жылдары қытайдағы қазақтар үшін университетте оқу – айға қонумен пара-пар аса биік арман болатын. Қалаға жаңа келген Зекей ішер ас пен киер киімнен қанша тарықса да, білім алудан бір қадам кері шегінген емес. Үш жылын жалықпай ізденіп, тиянақты білім жинауға сарп еткен Зекейдің бес жылдық оқуын жалғастыруға ауылдағы үйінің



жағдайы мүмкіндік бермейді.

Оқуын жол ортада үзіп, амалсыз ауылға қайтқан жалынды жігіттің қынынан суырылмаған қылыштай қызуқанды әрі қиын күндері кідіріссіз өтіп жатты.

Күндердің-күнінде ауыл қарттарының: «Зекейжанның жолын аша көр! Таудай талапты баламызға, бармақтай бақ бере көр!» – деп, Жаратқанға жалбарынған тілегі қабыл болды ма екен, бір күні жоғары жақтан бір топ қытай басшылары осы ауылға сау етіп түсе қалады. Қазақ ауылдарына жымысқы саясаттарының «шуағын» шашуға келген қасқа бас, қысық көзді басшылардың өздерімен бірге ертіп жүрген тілмәші тілге шорқақ болып шығады. Қазақ тілін білетін қытайы жоқ, енді қытай тілін білетін қазақты қайдан тапсын?!.

...Аудармашының әлсіздігінен екі жақ бірін-бірі түсінсе алмай, дағдарып тұрған сәтте ақсақалдың бірі: «Әлгі зерек баламыз Зекей қайда? Осы қытайлардың не деп отырғанын бір жеткізсе - сол жеткізер» – дегенде, жұрттың бәрі қарияның сөзін қолдап, дабырлап қоя береді. Сол кезде жиналыс басталғалы бері сауатсыз аударылған сөздерге жігері қайнап, санасы шыдамай әзер Зекей орнынан тұрып, екі тілде еркін көсіле жөнелді.

Жас жігіттің терең білімі мен жасын жігеріне тамсанып, таңдай қаққан қытай жетекшілері Зекейдің оқуын қайта жалғастыруына ықпал етеді. «Алтын кездіктің қап түбінде жатпайтыны» рас



қой, Үрімжідегі оқуын толық аяқтап, жоғары білім алып келген Зекей ауылдастарының білім алуына, тұрмыстарын түзеуіне бірден білек сыбанып, кірісіп кетеді.

Өз қызметін тыңғылықты атқарып қана қоймай, қазақ жігіттерін тәрбиелеп: «Бауырларым, қытайға жем болмау үшін оның тілі мен өнерін меңгеруіміз керек. Сонда ғана біз өз несібемізден құр қалмаймыз. Қазіргі заман тек білімге ғана мойынсал болады!» – деп, үнемі ескертіп отырады. Зекей әкеміз ел ісіне кең араласып, қазақ ауылдарына мектептер мен ауруханалар салуға белсене атсалысады.

Халқының қамын көп күйіттеген данагөй әкенің ұлағатты тәлімін алған бала Жасанның жандүниесі білімге деген құштарлық пен ұлтына деген сүйіспеншілікке толы қалыпта толықсып жетілді.

Әкесі үнемі қадағалап, қайталап оқытатын қиссадастандарды жаттап алған жеткіншек Жасан ауыл ақсақалдарына әрдайым айтып беретін. Көнекөз қариялар жас баланың талабына сүйсініп, ақ баталарын беруден аянбайтын еді. Бір жолы әкесі Жасанды шақырып алып, қолына Мұхтар Әуезовтың «Абай жолын» ұстатты. Кітапты беріп жатып: «Балам, бұл кітап шекараның арғы жағынан, қазақтың қасиетті топырағынан келді. Кітап қазақтың орасан ойшылы, данышпан ақыны Абайдың өмірінен сыр шертеді. Мұхтар Әуезов Абай арқылы әлемге қазақты танытты. Оқи ғой, қазақты тани ғой, балам!» – деді. Міне, осы күннен бастап Жасанның жатса-тұрса оқитыны



– «Абай жолы», ойлайтыны – Абай болды...

...Зиялы ата-ананың тәрбиесіне мейлінше сусындаған Жасан мектепті озат бітіріп, Үрімжідегі медицина университетіне оқуға түседі. Әкесі атағы дырдай үкімет қызметкері бола тұрып, Жасанның азабы көп дәрігер кәсібін таңдауы – біреулерге жұмбақ болды. Жасанның сол кезде әке атын бұлдап, ақша мен мансапқа тура жетелейтін мамандықты таңдап, оқуды қиналмай бітіруіне және һәм жақсы қызметке орналасуына әбден болар еді.

Бірақ, жастайынан әлсізді көрсе – демеуге, жетімді көрсе – жебеуге, жылағанды – уатуға, қиналғанды – қуантуға әзір тұратын Жасанның мейірімді жүрегі шаттық силап, шипа дарытатын абзал дәрігерліктен басқаны таңдамасы анық еді. Көктем гүліндей бүр ашқан сәби-арман жігіттік дәуірде дүр көтеріліп, асау ағындай арнасын кеңейте берді.

Құрбы-құрдастары тәулігіне бес сағатын кітап оқуға арнаса, студент Жасан, ең кем дегенде, алты сағатын кітапқа үңілумен сарп қылады. Басқалар бір сағат дем алса, Жасанға жарты сағат жетіп жатыр. Саны көп қытайдан қазақ баласының оқ бойы озуының жалғыз жолы – тынымсыз ізденіс пен ерен еңбек еді. «Емтихан қорытындысында қазақ баласының бағасы жоғары, ал, есімі тек алдыңғы қатарда тұруы керек, өйткені, бұл менің ғана намысым емес, қалың қазағымның намысы!» – деп, өз-өзіне серт беріп, сөз байласқан Зекейдің зейінді



баласы, қазақтың намысшыл ұрпағы Жасан жоғары білімін қызыл дипломмен қорғап шықты.

Санасымен сезініп, жүрегімен езіліп, теріменен төгілсе – адам баласының алмайтын асуы болмайды. Жастықтың шаттығынан саналы түрде шетқақпай қалып, қызықтың қызуынан қағылған жігіт Жасан ұйқысыз күндері мен түндерін «инемен құдық қазғандай» білім жинаумен өткізіп, қазыналы білім қорын құрды.

Еңбек жолын Қытайдағы қазақтардың көп шоғырланған Күйтүн қаласындағы орталық ауруханада хирург-маман болып бастады. «Көп қорқытады – терең батырады» деген, қаптаған қытайдың арасындағы тамшыдай қазақтың қалайда көп теперіш көретінін көзбен көріп, санамен ұғынған Жасанның туған ұлтына деген жанашырлық сезімі айрықша ұлғая түсті.

Бүгінде бөтеннің бодауына, жаттың жамауына түсіп қалып теперіш тартқан, кешегі еркін даланың жаужүрек жолбарысындай жайсаң жұрты өз денсаулығына қарауға да мұршасы жоқ қазақтардың басым бөлігінің қатерлі сырқатқа шалдыққандығын анықтаған Жасанның ұйқысы қашып, күлкісі азайды.

Науқас қазақтарды өзі қабылдап, жұмыс уақытында үлгермегендерін демалыс кезінде қарады. Қытай дәрігерлерінің ақша табу үшін жазған артық дәрі-дәрмектерін Жақаң сызып тастап, қандастарының артық қаражат шашпауын мұқият



қадағалады. Қайсыбір жеңіл-желпі сырқаттардың қазақтың емшілік тәсілдерімен тәуір болатын оңай жолдары мен жылдам әдістерін айтып, қазақ баласын көп әуре-сарсаңға салмай, ауылдарына қайтарып отырды.

Көп ұзамай, басы ауырып, балтыры сыздай қалған кез келген қыр қазағының төтесінен тек қана Жасанға баруы қалыпты әдетке айналды. «Жасанның жаны ашиды, қалғанның қолы қышиды» – дейтін сөз тез арада мәтел болып қалыптасты...

Ұлтының ыстық ықыласы Жақанның дәрігерлік сенімін нығайтып, сыры терең, құпиясы көп мамандығының тұңғиығына үңіле түсуге итермеледі. Бір аңғарғаны: технологиясы екпіндей дамыған қазіргі дәстүрлі медицинаның да қуаты жетіп, «тісі батпайтын» сырқаттардың түрлері де көп екен.

Не істеу керек? Ем жасаушының басты мақсаты – қалайда сырқаттың сырын анықтап, айығудың айла-шарғыларын жасау ғой. Дәстүрлі медицинаның дәрменсіз тұстарын немен толықтырған абзал?

Жасанға шығыс медицинасының кейбір тұстары өзіне жастайынан жақсы таныс қазақ емшілігімен ұқсас болып көрінді. «Әулие» атанған арғы атасы Бек емшінің көптеген ауыр дерттерді емдеп-жазғанын әкесінің аузынан талай естіген болатын. Сол әулие атасы дүниеден өтердің алдында: «Менің атадан – балаға жалғасқан емшілік қасиетім кейінгі ұрпақтарыма да қонар!» – деп, өсиеттеген екен.

Тегінде, дәрігерлік қабілеттің де киелі екендігін



түсінген Жасан Бек атасының ғибратты сөздерін әрдайым жанына медет, бойына қуат тұтатын. Бір ғажабы: адамдардың көзі мен өңіне, тілі мен үніне қарап, қандай ауру екендігін болжап, сол болжамдарын қазіргі техникалық аспаптармен қайта тексергенде, өзінің алғашқы болжамдарының дәлме-дәл сәйкес келетіндігіне әрі қайран қалып, әрі қуанатын.

Осындай орасан ойлар мен тың тұжырымдардың жетегінде ізденіп жүрген жас ғалым өзінің шығыс медицинасы құпияларының тұңғығына ендеп кеткендігін кейінірек аңғарды. Құпиялары мыңқатпар, шипасы күшті Шығыс-Тибет медицинасының талассыз отаны – қытай топырағы. Білімге сусаған қазақтың жас жігіті қытайлардың біздің ғасырымызға дейінгі үшінші ғасырдан бастап жазбаға түсірген 18 томдық «Хуанды Нецунин» және 12 томдық «Он Цзин» атты аса бағалы еңбектерімен тереңдеп танысуға кірісті.

Мұндағы зерттеудің басты бағыты – адам мен табиғат арасындағы көзге көрінбейтін, бірақ, бақилық үзілмейтін тығыз да тұрақты байланыс екен. Қылшылдаған, жалынды Жақан он сегіз мың ғаламның бір-бірімен ажырамас байланыста екендігін және осынау байланыстың қатпарлы құпияларына үңіле алған адам ғана нағыз дәрігер бола алатынын пайымдады. Еңбекқор ғалым күндіз-түні тыным таппай, жасы тоқсанның толағайлы асуынан асқан ұстазынан шығыс медицинасының қыр-сырларын үйренуден жалықпады...



Білімі молайып, білігі бекемденген сайын Жасан үлкен атасы Бек әулиенің ел аузында аңызға айналған емдеу тәсілдерінің тұңғыығына талпынды. Қазақтың байырғы емшілігі мен шығыс дәрігерлігінің айтарлықтай айырмашылықтарымен қатар, таң қаларлық егіз ұқсастықтары да аз көрінбеді. Мәселен, адамдағы 12 жұптан тұратын 24 жан арнасы тұлабойдағы 700 нүктені бір-бірімен жалғап тұрады да, ал, ол нүктелер адам денесіндегі әрбір ішкі ағзаларды реттеп, адамның бүкіл әрекет-қимылын басқарып отыратын жүйені түзеді.

Егер дәрігер бұл нүктелерді дәп басып, дәл таба алса, онда кез келген ауруды пышақтың араласуынсыз емдеп шығуға болады және мұның өзінің ақырғы нәтижесі анағұрлым жоғары, емдеу тәсілдері мейлінше сапалы, кері әсер етушілік нышандары неғұрлым аз дәрежеде көрінеді.

Әлбетте, қашанда білімі жеткілікті, тәжірибесі тыңғылықты дәрігер қателікке аз жол береді. «Ұлтым» деп соққан адал ниетпен қиындықтың қай-қайсысын да бетегеден биік, жусаннан аласа көріп, кідіріссіз бұзып өткен Жақаңның жаны қалайда қанағат таппай, әйтеуір, белгісіз бір нәрсе жетпей тұрғандай көрінді...

Сөйтсе, кемшін-керегі – кеңінен құлаш сермейтін кеңістік, яғни, ата-бабасының туған топырағының еркін аспаны екен. Қазақ елінің тәуелсіздік туын тіккені туралы сүйінші хабарды шекараның сыртындағы миллиондаған мәжнүн қазақтар жанар-



ларын жуған қуаныш жасымен жүректері жарыла қуанып, қарсы алды. «Көппен көрген ұлы тойда» тымағын аспанға атқан Жасан да туған топырағы мен тіккен туы бар ұлты үшін шалқи шаттанды, мекірене мақтанды. Тілмен айтып жеткізе алмас толқыныста тұрып: «Еңіреп жеткен еркіндігің ұзағынан болсын, қазағым! Кеудемдегі шыбын жаным соғып тұрса, өзіңе қалайда құстай ұшып жетемін. Сенің топырағыңа басылып, суыңа тұншығып, отыңа күйіп өлсем – арманым жоқ. Білгенім мен түйгенімді сенің бақытың үшін еш бодаусыз, сарқа жұмсаймын.

Өзге елдің сұлтаны болғанша, өз елімнің ұлтаны боламын. Мың қытайды емдегенше, бір қазақтың ауруына араша тұрамын!» – деп, ағыл-тегіл болып, босап еді...

...Мінеки, «Шын жыласа, соқыр көзден жас шығар» демекші, алты алашқа аты мәлім алақаны дуалы дәрігер, атақты академик, марқасқа азамат Жасан Зекейұлы бүгінде аңсаған асқақ армандарының желкенін ата қонысында жарқырата желбіретіп отыр.

Жасан ел егемендігінің алғашқы жылдарында үдере көтеріліп, ат-қонысымен Қытайдан біржола көшіп келді. Жәй келген жоқ, жеті атасының сүйегі қалған Тарбағатай тауының күнгеі бетін көз жасына шомылдырып, жаттың тақымында бақилық басылған кіндік жерінің зар-мұңын алып келді; сол көл-көсір қасиеттің жерді қара Қытайға тастауға әлі күнге дейін қимай отырған қалың қазақтың жан-жарасын алып келді; миллиардтаған қарақұрым құмырсқа-қытайға



білінбей сіңіп бара жатқан миллиондаған қазақтың қасірет-қайғысын алып келді... Ақырында, жиырма жыл бойы көз майын құрғатып жинаған өзінің терең білімін, шығыстың шұрайлы ғылымын алып келді...

Қалғанының бәрі қалды... Қалғанына – өкінбеді, алғанына – кекірмеді...

Білек сыбанып, білімге бекінді. Қытайдағы күллі білім-қорын мұнда түгелдей орыс тілінде қайталауға мәжбүр болды. С.Асфендияров атындағы ұлттық медицина университетінің шетел жастарына арналған бөлімінде орыс тілін меңгеруге кірісті. Қытайдан ауысқан қаражатына қосымша кітаптар алып тастап, қаладан шеткей Қалқаман ықшам ауданындағы бір бөлмелі жатақханасына жету үшін Жасан кейде бірнеше сағаттар бойы аялдамада көлік күтсе, кейде бөлмесіне шаршап-шалдығып, жаяу жеткен кездер де болды.

Дегенмен, «Қытайда көрген қызығымнан, отанымда көрген азабым артық» деп, түйсінген Жасан жалықпай ізденудің арқасында 1997 жылы С.Асфендияров атындағы ұлттық медицина университетінің емдеу-хирургия факультетінің аспирантурасына түсті. «Мың машақаттың – мың бір рахаты болады» дегендей, Жасан Зекейұлы атақты медицина академигі, профессор Аман Нұрмақовтың жетекшілігімен «Тибет медицинасы бойынша қабыну үрдістерінің алдын алу, емдеу және хирургиялық аурулар» атты ғылыми диссертациялық еңбегімен 2002 жылдың қыркүйегінде «медицина ғылымдарының



кандидаты» атағын абыроймен қорғады. Осынау орнықты ғылыми дәреже – Жасанның төгілген тұнық терінің ащы жемісі болатын.

Бойына біткен дарынын жетілдіруден жалықпаған Жақаң 1998-2004 жылдар аралығында Алматы қалалық орталық клиникалық ауруханасында Шығыс-тибет медицинасының аға дәрігері» қызметін атқарды.

«Үйрену – адам жүрегі тоқтағанша жалғасатын үрдіс» – деп, үнемі айтып отыратын Жасан қай уақытта да білім алу үрдісін үзбей, 2004-2007 жылдары қытайлық академик Суньнің жетекшілігімен Шығыс-Тибет медицинасы бойынша докторлық диссертация қорғады. Ал, 2007 жылы «Халық медицинасы және космоэнергетика академиясының академигі» атағына ие болып, Халықаралық инемен емдеу академиясына мүшелікке қабылданды.

...Қазақ топырағында да Жақаңа көптеген кедергілер кезікті. Мысалы, қазақтың мұқым тарихын әдейі бұрмалап, ұлттың салты мен дәстүрін жойып жіберуге тақау қалған кеңес үкіметі «Халық емшілігіне» мүлдем тиым салды. Керісінше, тек қана техникалық құрал-жабдықтарға, қысқасы, суық саяқ, өлі дүниеге ғана сендіріп қойды.

Ел ішіндегі қолы дуалы емшіні «феодалдық қоғамның сарқыншағы» атап, киелі құбылысқа кір жаққысы келді. Алланы жоққа шығарып, қолдан құдай жасап, ұлттық құндылықтарды жойып жібермек болды...



...Құдайдың қалауымен өзінің қолы өз ауызына жеткен қазақ жұрты қазір жоғын тауып, барын түгендеуге кірісті. Қураған тамырымызға ыстық қан жүгірді. Осы тұста шығыс медицинасына деген жаңа көзқарас қалыптасты. Мұнымыз дұрыс. Әйткенмен, әдетте, көпшілік қауым «Шығыс медицинасын – тек Қытай медицинасы» – деп, қате түсініп жатады.

Шындығында, Шығыс медицинасының жүйелі сақталған жері Қытай болғанымен, Шығыс медицинасының біржола пайда болып, түпкілікті тамырлануына түркі тектес елдер өлшеусіз үлес қосты. Академик Жасан Зекейұлы былайша пайымдайды: «Ата-бабаларымыз алтын ине терапиясына ұқсас емдеу жолдарын ерте пайдаланған. Мысалы, сақ заманында айырдың немесе күректің басын отқа қыздырып алып, жүйкесі ауырған адамдардың кеудесін, жанды жерлерін баспақ болып, қорқыныш сезімін тудыру арқылы нерв жүйесін тітіркендірген. Адамдардың ауырған жерін таяқтың ұшымен, қамшының сабымен, күміс қасықпен уатып, жазып отырған.

Демек, шығыс медицинасы мен қазақ емшілігін бір-бірінен бөле қарауға болмайды. Осының өзі-ақ, шығыс медицинасының шығу тегінде біздің де үлесіміздің бар екендігін айқын дәлелдейді. Сол себепті, Шығыс-Тибет шипагерлігі де бізге жат ғылым емес. Тек, сол ұлағатты дәстүрді бес мың жылдан бері қағаз бетіне түсіріп, жазып отырғандықтан, Қытайдың басымдылығы зор болып тұр»...



Табиғат пен адамның өзара үйлесімділік қарым-қатынасының табиғи тепе-теңдігі бұзылғандықтан, адамдардың денесінің қуат-күші кеміп, сырқатты жұқтырмау мен сақтану қабілеті (иммунитеті) әлсіреген қазіргі кезеңде батыстың дамыған медицинасының өзі аурудың сан-алуан түрлерін емдеуде шарасыздық танытуда. Дәп осы тығырыққа тірелген тұста – адамзат халық емшілігі мен шығыс шипагерлігіне маңдай тіреп, еріксіз сүйенді.

Қазақ топырағында шығыс шипагерлігінің негізін қалаушылардың бірегейі – академик Жасан Зекейұлы болды. Емделушілер қатарының күн сайын артқан сұранысы Жақаңа арнайы орталық ашу туралы ой туғызды. Кеудені кері итерген жасанды бөгеттердің талайын талқандаған Жасан 2004 жылы «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медицина орталығын құрды.

Қазіргідей әділетсіздеу бәсекенің заманында өзгеден оза шауып, көптің көңілінен шынайы шыға білудің кілті – сапалы да қалтқысыз қызмет көрсету екендігін жетелі жетекші бірден ұғынды. Алғашқы жылдары 50-ден астам науқасты құлан-таза аяқтандырып, жағдайы төмен 5 мың адамға тегін емдеу жасаған орталық ә дегеннен халықтың көңілінен шықты.

Әсіресе, ақшаң әмірі аспандаған бүгінгідей иманы кемшін, обалы олақ қоғамдағы Жасанның жасаған баянды бастамасы - әріптестерінің бірін шынымен таң қалдырса, екіншілерінің есіне ар-ұяттың «тірі»



екендігін түсірді, келесілерне анық үлгі болды. Бұл шараның қажеттілігі мен қадір-қасиетін елге таны- мал тұлғалар: халық жазушысы Шерхан Мұртаза, академик Мұрат Жұрынов, Халық қаһарманы Бақытжан Ертаев, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Тұманбай Молдағалиевтар талай ірі жиналыстарда тамсана әңгімелеп, ризашылықтарын білдірді.

Жаратқан Иеміздің пендесіне рақымы түссе, жомарттықпен мол бере салатыны шындық. Жасан ағамыздың жұртқа жағымды кезекті бір қасиеті – атымтай жомарттығы, көңілінің кеңдігі, қолының аштығы. Қамбалы байлық бастырған шіріген бай- шонжар болмаса да, нәсіп етілген несібесін өзгемен бөлісуге асығатын Жасан ағамыздың бұл тектілігі – тапқанын шашып жейтін сырбаз сұңқарларға ғана тән қасиет...

«Өмірді қорғау» қоғамдық қорының мүгедек, жарымжан, ардагер жандарға үздіксіз көмектесіп, жас ақындардың кітаптарын шығаруы – демеушілік дәстүрдің жалғасын табуы ғана емес, сауапты істің өнегесі.

Жалпы, әрбір адамның тұлғалық қалыптасу жолдары әрқилы. Әрі әркім өзінің өмірлік тұғырнамаларына жеке таңдау жасайды. Осы- дан тағдырдың тайғақ соқпақтары тап келе ме, әлде, жұмсақ кілемдер төселген жалғанның жайсаң жәннәті бұйыра ма – мұны өзіңнің тағдыр- талайыңнан көресің...

Сонау балалық балғын күнінде де, мұрты



тебіндеген жастық шағында да, қазіргі қырықтың қылшылдаған қасиетті асуында да Жасанның санасында жатталып, пайымында қатталып қалған асыл да арналы сөз бар, ол – Абайдың: «Адамды сүй, Алланың хикметін сез. Не қызық бар өмірде одан басқа?!» – деген даналық ғибраты. Қазақ данышпанының осы екі жол өлеңін екі дүниедегі бақыттың алтын кілті деп білген Жасанның жүрегі «Алла!» деп соғып, «жұртым» деп лүпілдейді...

Әйтпесе, деймін-ау, Жасан Зекейұлына бүгінде мол байлық, қыруар қазынаның соңына түсіп, аз мезгілде кеудесіне нан піскен миллионер болудың орайы келіп, сәті түсіп-ақ тұр. Қазір Еуропа елдерінің түгелі шығыс медицинасына айрықша көңіл бөліп, айлығы батпандай, табысы өзен ағып жатқандай білгір мамандарды өздеріне тынымсыз тартып жатыр. Оларға өз елдерінде жеке орталықтар ашып, барлық жағдайларын жасауға үйіп-төгіп уәде беруде...

Бірақ, Жақаң үшін қазына-байлық алтынмен де, мұнаймен де, зауыт-фабрикалармен де өлшенбейді. Жасанның бар байлығы – қазағының денсаулығы. Академик ағамыз ойға шомған бір сөзінде: «Менің бар мақсатым – ұлттық медицинамыздың жүйесін қалыптастыру. Бұл күнде «Батысшыл» топтар пайда болды. Олар біздің ұлттық болмысымыздан мүлдем хабарсыз, тамырынан ажырап қалған өсімдік секілді қурап-құруға бет алған. Ол-ол ма, бұлар батыстың болашағы жоқ, қолдан жасалған жасанды гүлі секілді



болымсыз қылықтары мен әдістерін өзгеге тықпалап, қызылкенірдек болудан әсте жалықпайды. Мысалы, батыстық ғадет бойынша, әйелі босанғанда, жанында күйеуі қарап тұруы керек. Бұл не маскара?!

Жаратылысында еркек пен әйелдің арасында бірін-бірі білмеуге тиіс табиғи құпиялары болмаушы ма еді? Екеуінің ныспысы бірдей болса, Алла Тағала оларды неліктен бөлекше етіп жаратты?..

Ол аз десеңіз, батыстықтар қызыл шақа нәрестені кіндігін кеспестен, есін жинай алмай, қиналып жатқан анасының кеудесіне тастай салады. Бұл жерде толғақ қысып, талықсыған әйелде ері ешқашан көрмеуге-білмеуге тиіс ыңғайсыз жағдайлар орын алады. Осыдан күнде сүйкімді көрінген әйелден күйеуі жериді, әйелі үсті-басы лайсаң, қаны сорғалап, қызыл кіндігі салбыраған қызылшақадан шошынады. Бұл көріністі көрген жас жұбайлар екінші бала таппастай қорқып қалады.

Бұл біздің ұлттық болмысымызға кереғар, қайшы құбылыс. Біз еліміздің барлық саласын – өнер мен мәдениетті, білім мен спортты, саясат пен экономиканы – ұлттық мүдде тұрғысынан құруымыз керек. Сонда ғана «қазақ» болып сақталып, «қазақ» болып дами аламыз.

Медицина саласы да ұлттық негізден ажырамауға тиіс. Мамандарды тәрбиелегенде, әркез ұлттық әдет-ғұрпымызды, салт-санамызды, табиғи болмысымызды, халық емшілігін басым бағыттарда түсіндіріп отыруымыз керек. Мәселен, Қытайда дәрігерлікті оқу



үшін, алдымен, екі жыл бойы шығыс медицинасымен танысуың керек. Ол жақтағы кез келген дәрігер тамыр ұстай білуі тиіс. Бізде сол секілді ұлттық бағытта жұмыстар атқарылуы керек. Менің көздегенім: осындай ұлттық медицина жүйесін қалыптастыру...» – деп, ұзақ толғанып, ұлы армандарының көкжиегін көрсеткендей болып еді.

Шындығында, шетелдің қаңсығын – таңсық көріп, жатқа жармасып-жалтақтай бергенше, «Жасай» сияқты Ұлттық медицина орталықтарына мемлекет тарапынан кешенді көңіл бөліп, шәкірттер тәрбиелейтін колледж ұйымдастырып, тіпті, академиялық жоғарғы оқу орынын ашса да, артықтық етпес еді. Ұлттың мүддесі үшін, қазақтың денсаулығы үшін істелген істің үлкен-кішісі болмайды. Бүгіннің өзінде жалғыз шауып, жарға құласа да, «қорқа-қорқа – батыр болып», ірі орталықтың іргесін қалаған Жасан Зекейұлы ағамыз бір өзі – бір академияның жұмысын атқарып, қызметін ұқсатып отыр. Басқасын айтпағанда, Жақаңның бірнеше атымтай азаматтардың көмегімен және банкіден өсімді қарыз-қаражат алып, алыс ауылдардан келетін емделушілерге арналған төрт қабатты аурухана құрылысын салып жатқаны – дағдарыс кезеңінде нағыз ерлікке тең шаруа.

...Академик ағамен әңгімеміздің жарасқаны соншалық, ұзақ қоштаса алмадық. Жаны жайсаң, жүрегі таза, ниеті түзу, арманы асқақ Жасан аға білікті дәрігер ғана емес, сөз қадірін білетін шешен,



ел қадірін түсінетін көсем азамат екен.

Жаны өнерге етене жақын Жақанның аракідік қолына қалам алып, өлең жазатын ақындық қасиетіне таңданып отырғанымда, кенет, ағам: «Әу!» демеген қазақ – қазақ па?!» – деп, күліп алып, қолындағы баянының әуеніне қосылып, әуезді әнін шырқай жөнелгенде, тіпті, тіл-ауызымыз күрмеліп қалды...

Бәрекелді, мінеки, болмысынан ажырамаған, тамырынан адаспаған, өнерін өгейсінбеген, намысы наркескен, рухы қуатты, жігері жалын нағыз қазақ осындай-ақ болар!..

Басындағы бар білімін, жүрегіндегі шалқар қуатын, бойындағы бұла күшін, қалтасындағы күллі қаражатын ұлтының қажетіне жұмсаған қазақтың – халық қаһарманынан кемдігі бола ма?!.

«Жақсының жаттығы жоқтығы» ақиқат екен, алдын көрген әр адаммен тез тіл табысып, әкім мен ақынды, бай мен кедейді, бастық пен қараны бөліп-жармай бірдей жақын тартып, сыр-мұңын бөліскен жайсаң ағаммен қимай қоштастым...

...Бала тәлімі мен тәрбиесіне терең мән беретін Жасан ағамыздың ынтымағы мен ырысы жарасқан қарашаңырағында үш қыз, бір ұл өсіп-өнуде...

Расында, елдің күнгеілі келешегі – тәні де, жаны да сау, салауатты ұрпақ екендігі ақиқат қой...

МАЗМҰНЫ

Соз басы.....3

Ескермес ЖАҚСЫМБЕТҰЛЫ

Алтын ине.....11

Болат ҚҰРМАНХАЖЫҰЛЫ

Жарқырай бер Жасан әлемі.....57

Қазірет БЕРДІХАН

Дәуірдің дәруі.....95

Жарқырай бер Жасан әлемі
(Өлеңдер эсселер)
(қазақ тілінде)

Редакторы –
Техникалық редакторы –
Терген және беттеген –

Теруге ж. жіберілді. Басуға ж.
қол қойылды. Қалпы 84x108 1/32. Қаріп түрі «Times New Roman». Офсеттік басылыс. Баспа табағы
Таралымы дана.
Тапсырыс № 743.